

**"Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары" бағдарламасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 969 Қаулысы

Елдегі экономиканың көлеңкелі секторының көлемін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Бағдарламамен көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен (келісім бойынша) бірлесіп, жыл сайын 20 қаңтарға және 20 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметін Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

3 0

қ ы р к ү й е к т е г і

N

9 6 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАНЫҢ МӨЛШЕРІН ҚЫСҚАRTУ ЖӨНІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ПЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫНЫҢ 2005-2010 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ"**

**БАҒДАРЛАМАСЫ МАЗМҰНЫ**

1.                      Бағдарламаның                      п а с п о р т ы

2.                      К і р і с п е

3.                      Көлеңкелі                      экономиканың                      негізгі                      ұғымдары

4. Көлеңкелі экономиканың әлемдік ауқымы, оны қысқарту жөніндегі жұмыс

тәжірибесі және оның туындау себептері  
Параграф 1 . Көлеңкелі бизнестің әлемдік ауқымы және оны қысқарту жөніндегі  
т ә ж і р и б е

Параграф 2 . Бизнесті көлеңкеге кетуге мәжбүр ететін себептер  
5. Қазақстандағы көлеңкелі экономиканы талдау және оның туындау себептері

Параграф 1 . Көлеңкелі экономиканың ауқымы  
Параграф 2 . Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың даму себептерін талдау  
Экономика дамуының және халықтың әл-ауқатының деңгейі  
Әкімшілік кедергілер және олардың экономиканың көлеңкеге  
к е т у і н е ә с е р і

Көлеңкелі экономиканың мөлшерін есепке алу мен бағалау  
ж ү й е с і н і ң ж е т і л м е у і  
С а л ы қ с а л у ж ү й е с і

Қолма-қол есеп айырысу нысанының басым болуы және төлем  
карточкаларын қабылдау желілері дамуының әлсіз деңгейі

П а р а г р а ф 3 . Қ о р ы т ы н д ы л а р

6. Көлеңкелі экономика мөлшерін қысқартудың мақсаты мен міндеттері  
7. Мемлекеттік саясаттың көлеңкелі экономика мөлшерін қысқартуды қамтамасыз  
ететін міндеттерді шешу жөніндегі негізгі бағыттары

Параграф 1 . Экономиканың даму деңгейін және халықтың әл-ауқатын арттыру  
Параграф 2 . Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесін және басқарудың әкімшілік  
ж ү й е с і н ж е т і л д і р у

С а л ы қ т ы қ ә к і м ш і л е н д і р у д і ж е т і л д і р у

Әкімшілік заңнаманы және экономикалық қызметті жүзеге асыруды  
регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін жетілдіру

Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі бағыттар

Параграф 3 . Көлеңкелі қолма қол ақша қаражаты айналымының мөлшерін азайту  
ж ө н і н д е г і б а ғ ы т т а р

Параграф 4 . Көлеңкелі экономика мөлшерін бағалау әдістерін жетілдіру

Параграф 5 . Салық пен бюджетке төленетін төлемдерді жинаумен, экономикалық  
қылмыстарды ашумен айналысатын органдардың материалдық-техникалық қамтамасыз  
етілу деңгейін арттыру және жұмысын жетілдіру

Экономикалық құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды ашу  
ж ө н і н д е г і ж ұ м ы с ә д і с т е р і н ж е т і л д і р у

Материалдық -техникалық қамтамасыз етілу деңгейін арттыру

Параграф 6 . С а л ы қ с а л у ж ү й е с і н ж е т і л д і р у

8. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

9. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

10. Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі

экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

## 1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы "Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары" бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 - 2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 9.1.6-тармағы

Негізгі әзірлеуші жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік

Мақсаты Экономикалық, заңнамалық және әкімшілік тұрғыда ықпал ету шараларын жетілдіру жолымен көлеңкелі экономика мөлшерін азайту

Міндеттері Заңды және жеке тұлғаларды өндірістік-қаржылық қызметтің ашық нысанына ынталандыратын экономикалық және ұйымдық жағдайларды жасау. Экономика саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен оларға қарсы күрес әдістерін жетілдіру

Қаржыландыру көздері мен көлемі Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру тиісті (жыл сайын) қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық даму бағдарламалары мен бюджеттік бағдарламалар шеңберінде көзделеді

Күтілетін нәтижелер Экономиканың өсуі, адал кәсіпкерлікті дамыту, салықтық, кедендік төлемдерді жинауды, сондай-ақ ел экономикасына инвестицияларды ұлғайту үшін қолайлы алғы шарттар жасау; бәсекелі ортаны жақсарту; экономиканы мемлекеттік реттеу, салықтық және кедендік әкімшілендіру саласындағы нормативтік-құқықтық, әдістемелік және ақпараттық базаны жетілдіру; экономикалық құқық бұзушылықтарға, көлеңкелі экономикаға, сыбайлас жемқорлыққа және экономика

саласындағы ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестің  
тиімділігін арттыру;  
халықтың экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға  
қарсы күрес жүргізетін мемлекеттік органдармен  
өзара түсіністігін арттыру;

Іске асыру  
мерзімдері

2005-2010 жылдар

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 9.1.6-тармағына сәйкес "Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары" бағдарламасы әзірленді. Құжаттың құрамына министрліктердің, қаржылық, ғылыми-зерттеу және мемлекет пен ел экономикасы салаларының мүдделерін қорғайтын қоғамдық ұйымдардың ұсыныстары енгізілді.

Осы тақырып бойынша әлемдік практиканы зерделеу экономиканың көлеңкеге кетуіне ықпал ететін проблемалардың кешенділігіне байланысты көптеген елдердің мемлекеттік органдары жұмысының практикасында көлеңкелі экономикаға қарсы күрес жөніндегі бірыңғай шаралардың пайдаланылмағанын көрсетті. Қабылданып жатқан шаралар көлеңкелі экономиканың қандай да бір себептерін жоюға, мысалы, салық салуды жетілдіруге, бизнес үшін рұқсат беру рәсімдерін оңайлатуға, есірткі айналымына қарсы күресті күшейтуге және т.б. бағытталды.

Қазақстанда қазірдің өзінде көлеңкелі экономика көріністерінің барлық дерлік бағыттары бойынша мемлекеттік және салалық бағдарламалар қабылданды, ал жекелеген проблемалар заңнамалық тұрғыда айқындалған. Осыған байланысты бұл құжаттың ерекшелігі қазірдің өзінде қабылданған мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын іске асыруға сүйенетіндігі болып табылады. Бұл көлеңкелі экономиканың барлық дерлік қызмет салалары мен түрлеріне қатысты, сондай-ақ аумақтық өзгешеліктері бар ерекшелігіне байланысты.

Осыған байланысты, бұл Бағдарламада жасырын экономиканың кейбір бөлігін заңдастыру проблемасын кешенді қарауға және шешуге, сондай-ақ әртүрлі мемлекеттік органдардың салық салудан жасырылатын кірісті бағалау әдістерін жетілдіру, олардың қызметін кейіннен заңдастыра отырып, тауарлар мен қызметтерді астыртын өндіру фактілерін анықтау жөніндегі өзара іс-қимылын тереңдетуге мүмкіндік беретін экономикалық саясаттың негізгі бағыттары айқындалады.

Бағдарламаны іске асыру экономикалық өсудің жоғары қарқындары,

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру шеңберінде экономиканы дамытудың сапалы жаңа кезеңіне көшу, сондай-ақ әлеуметтік мұқтаждарға арналған мемлекеттік шығыстардың өсуі мен халықтың өмір сүру деңгейінің артуы, Қазақстанның әлемдік экономикалық қоғамдастыққа одан әрі ықпалдасуы жағдайларында жүргізілетін болады.

Бұл жұмыссыздықты қысқарту, шағын кәсіпкерлікті дамыту бөлігінде елдің экономикалық әлеуетінің деңгейімен және халықтың әл-ауқатымен байланысты және басқа факторлардың әрекетіне жұмсартушы әсер етеді. Сонымен қатар экономикалық қылмыс құрылымының сапалық жағынан өзгеруін, қылмыстық мінез-құлықтың жаңа әрі неғұрлым күрделенген нысандарының пайда болуын күту қажет. Мұның бәрі мемлекеттік органдардың көлеңкелі экономика мөлшерін қысқарту саласындағы экономикалық, заңнамалық және тергеу шараларын жасауда үйлескен жұмыс жүргізуін талап етеді.

Іске асырылуы қажет шаралар экономикалық қылмыс көріністерінің аталған нысандарынан бұрын әрекет етуге тиіс. Бұған әлемдік тәжірибені зерделеу және осы құбылысқа қарсы күрестің қазіргі заманғы әдістерін енгізу ықпал ететін болады.

Ел экономикасының неғұрлым сапалы даму деңгейіне көшуі ұзақ мерзімді кезең ішінде жүргізілуіне байланысты бұл проблеманы шешуді кейіннен Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық жоспарының құрамына енгізу жолымен бұл Бағдарлама 2010 жылға дейінгі кезеңге бағдарланған.

### **3. Көлеңкелі экономиканың негізгі ұғымдары**

Халықаралық практикада көлеңкелі экономиканың мынадай анықтамалары бар:

- 1) экономикалық қызметтің жария етілмеген және жасырын түрлері;
- 2) экономикалық қызметтің қандай да бір себептер бойынша ресми статистикада есепке алынбайтын және салық салынбайтын барлық түрлері;
- 3) қоғам бақылау жасамайтын тауарлар мен қызметтерді өндіру, тарату, айырбастау және тұтыну.

Біріккен ұлттар ұйымының ұлттық шоттар жүйесі (бұдан әрі - ҰШЖ) негізінде әзірленген қадағаланбайтын экономика мөлшерін бағалаудың есептік-статистикалық әдісі неғұрлым көп таралған болып табылады.

ҰШЖ-да экономикалық қызметтің салықты, кедендік төлемдерді, әлеуметтік жарналарды төлеуден жалтару, заңсыз кірістер, материалдық пайда алу мақсатында жасалатын жария етілмеген және жасырын әр қилы түрлерінің (бақылау жасалмайтын тауарлар мен қызметтерді өндіру, тарату, айырбастау және тұтыну) жиынтығы қадағаланбайтын экономика ретінде айқындалады.

Қадағаланбайтын экономика көрініс беретін негізгі сегменттер:

1) формальды емес қызмет - әдетте, статистика және салық салу органдарында тіркелмеген жеке тұлғалар өндіретін тауарлар мен қызметтер;

2) жасырын қызмет - ресми тіркелген, салық төлеуден жалтару мақсатында өз кірістерін статистикалық есептен жасыратын кәсіпорындардың тауарлар мен қызметтерді өндіруі;

3) заңсыз (заңға қайшы) қызмет - заңнамада тыйым салынған тауарлар мен қызметтерді (есірткі, қару-жарақ, жезөкшелік, адамдарды сату және т.б.) өндіру және әдетте заңды қызметке жататын, алайда рұқсаты жоқ өндірушілер айналысқан жағдайларда заңсыз сипатқа ие болатын өндірістік қызмет.

Көптеген елдерде заңсыз қызметтен алынатын кірістер, ізгілік көзқарас тұрғысынан, экономикалық даму жетістіктері ретінде қаралмайды. Бұл кірістер жалпы ішкі өнім (бұдан әрі - ЖІӨ) құрамына қосылмайды және мемлекет кірістерін ұлғайту резерві болып есептелмейді. Қазақстанда заңсыз қызмет мөлшерінің бағасы ЖІӨ-нің құрамына қосылмайды.

Ұрлық, алаяқтық, бопсалау және басқалары сияқты заңға қайшы іс-әрекеттер өз мәнінде экономикалық болып табылмайды және көлеңкелі экономика мөлшерін бағалаған кезде оларды статистикалық органдар есепке алмайды, өйткені:

мұндай іс-әрекеттер барысында жаңа өнімдер мен қызметтер жасалмайды, тек экономикалық активтерді қызметтің бір түрінен екінші түріне қайта бөлу жүргізіледі;

бұл іс-әрекеттер контрагенттер арасындағы еркін уағдаластық нәтижесі болып табылмайды, керісінше, мәжбүрлеуге немесе алдауға негізделеді.

#### **4. Көлеңкелі экономиканың әлемдік ауқымы, оны қысқарту жөніндегі жұмыс тәжірибесі және оның туындау себептері**

##### **Параграф 1. Көлеңкелі бизнестің әлемдік ауқымы және оны қысқарту жөніндегі тәжірибе**

Қадағаланбайтын экономика - жалпы әлемдік құбылыс. Ол дамыған және дамушы елдерде, сондай-ақ өтпелі экономикалы елдерде барлық көрініс нысандарында кездеседі. Көлеңкелі экономиканың түрлі елдердегі ауқымы әр қилы. Бұл ретте нақты ел халқының тұрмыс деңгейі қаншалықты төмен болса, ЖІӨ құрамында ескерілмейтін кірістің үлесі соншалықты жоғары.

Дамыған елдер		Шығыс Еуропа	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) және Балтық елдері
Швейцария - 8,1	Ирландия - 16,2	Словакия - 10,2	Грузия - 63,0
Америка Құрама Штаттары (АҚШ) - 8,9	Канада - 16,2	Польша - 13,9	Азербайджан - 59,3
Австрия - 9,0	Дания - 18,3	Чехия - 14,5	Молдавия - 37,7

Жапония - 11,1	Финляндия - 18,9	Румыния - 18,3	Латвия - 34,8
Ж а н а Зеландия - 11,9	Швеция - 19,9	Венгрия - 28,4	Литва - 24,2
Норвегия - 12,6	Бельгия - 22,5	Хорватия - 28,5	Белоруссия - 19,1
Ұлыбритания - 13,0	Испания - 23,1	Болгария - 32,7	Қазақстан - 21,3
Нидерланды - 13,5	Португалия - 23,1		
Австралия - 14,0	Италия - 27,3		
Германия - 14,9	Греция - 29,0		
Франция - 14,9			

*Көзі: Еуростаттың ақпараты*

Сарапшылардың бағалауы бойынша ЖІӨ-дегі көлеңкелі экономика үлесі дамыған елдерде орта есеппен 12%-ды, дамушы елдерде 39,6%-ды, ал өтпелі экономикалы елдерде 23% - ды құрайды .

Көлеңкелі экономиканың 50-ден 70%-ға дейінгі неғұрлым жоғары деңгейі Африка мен Латын Америкасының дамушы елдерінде орын алып отыр.

Шетелдік ақпарат қызметтерінің деректері бойынша халықтың көлеңкелі экономикада жұмыспен қамтылуы жыл сайын өсуде. Еуропалық одақ елдерінде бұл цифр кемінде 10 млн. адам, ал тұтастай Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) бойынша шамамен 17 млн. адам деп бағаланып отыр.

Сатып алу қабілетінің шамасы бойынша есептелген жалпы әлемдік ресми ЖІӨ 1999 жылы 39 трлн. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте қадағаланбайтын экономикада өндірілген кірістің үлесі 8 трлн. АҚШ долларына немесе ЖІӨ-нің 20%-ына бағаланып отыр. Өзінің көлемі жағынан жаһандық көлеңкелі экономика әлемдегі ең көлемді ЖІӨ-сі бар АҚШ экономикасымен салыстырылады.

Әлемнің түрлі елдеріндегі көлеңкелі экономиканы азайту жөніндегі бірқатар шаралар мен құралдар

Шаралар	Елдер	Құралдар
Жұмыссыздықты және экономиканың формальды емес секторын қысқарту	А Қ Ш Жапония	Шағын және орта бизнеске (бұдан әрі - ШОБ) қаржылық, техникалық және консультативтік көмек көрсету, кадрлар даярлау мен біліктілік беру үшін орталық және жергілікті деңгейлерде арнайы құрылымдар құру; бизнесті тіркеу және лицензиялау жүйесін оңайлату (Телефон байланысын, почтаны немесе Интернетті пайдалана отырып, қысқа мерзім ішінде жергілікті биліктен тіркеуді және лицензияларды алу); барлық елді мекендерде бизнес қауымдастықтарын құруды ынталандыру.
Әкімшілік рәсімдерді жетілдіру	Канада	Өзара қатынастар және бизнес пен әріптестікті жақсарту үшін бірыңғай органды қамтамасыз ету үшін Бизнес Терезесін (Business Window) құру; тіркеу нөмірін алу үшін кәсіпкерлер Интернеттегі сайтта арнайы нысанды толтыруы не толтырылған нысанды почта арқылы жіберуі немесе телефонға хабарласа отырып, тіркеу нөмірін алуы тиіс; лицензиялау процесін штаттар мен қалалардың уәкілетті

		органдары жүзеге асырады. Қару-жарақ сату, алкоголь өнімдері мен дәрілік заттарды өндіру сияқты жекелеген қызмет түрлері бойынша ғана федералдық үкіметтің лицензиясы талап етіледі.
Кірісті мемлекет пен қалған экономика арасында бөлу тетіктерін жетілдіру	А Қ Ш Жапония Канада Ұлыбритания Франция Германия	Салыстырмалы түрде жоғары емес салық салу ставкаларын белгілеу (Жапонияда - 37 %, АҚШ-та - 41 %, бұл ретте ШОБ салық салу ставкалары ірі фирмаларға қарағанда айтарлықтай төмен) ; экспорттық қызмет, жаңа өнеркәсіптік қуаттарға инвестициялар үшін салықтық жеңілдіктер беру, жаңа жұмыс орындарын құру, неғұрлым нашар дамыған аудандарда өндірістер ашу және т.б. ; алшақтықтарды анықтау және түзетулер енгізу үшін салықтық түсімдерді бақылау жүйесін пайдалану; Салық салудан жалтарғаны, деректерді толық табыс етпегені, салық есептілігін бұрмалағаны үшін жауапкершілікті қатаңдату. (Бұл қылмыстар үшін жауапкершілік - ірі көлемдегі айыппұл немесе 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру) ; компаниялардың шетелде алған кірістері елге қайтарылғанға дейін, оларға салық салу мерзімін ұзартуды ұсыну. Мұндай ұзартудың мерзімсіз сипаты болуы мүмкін; сыртқы рыноктарда әрекет ететін компаниялар үшін қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық келісімдерде көзделген шаралар.
Материалдық базаны нығайту және экономикалық құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістерін жетілдіру	А Қ Ш Жапония Франция	1989 жылы ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі арнайы халықаралық құрылымның (FATF) құру; қаржы және кредит институттарының ірі қаржы операцияларын және мұндай операцияларды жүзеге асырған тұлғаларды есепке алу; күмәнді мәмілелер мен салымдарды бақылап отыру үшін қаржылық арнайы қызметтерді құру; банктердің арнайы қызметтерді күмәнді мәмілелер туралы хабардар ету міндеті және мұндай қызметтердің клиенттер шотына қол жеткізуін қамтамасыз ету; әкімшілендіруді орталықсыздандыру процесі; ауқымы министрлікке және секторға байланысты өзгеріп тұрған, жергілікті билік органдарының әкімшілік мүмкіндіктерін кеңейту мақсатына бағытталған жауапкершілікті беру; жұмысқа қабылдау білім деңгейі арқылы айқындалады; неғұрлым жоғары қызмет деңгейіне түсу білім даярлығына тәуелді және көбінесе емтихандарды тапсырумен байланысты.

## Параграф 2. Бизнесті көлеңкеге кетуге мәжбүр ететін себептер

Көлеңкелі экономиканы азайту жөніндегі жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін, ең алдымен, экономиканың көлеңкеге кетуіне ынталандырушы әсер ететін себептерді білу қажет.

Жаһандық экономикадағы кірістерді жасыруды көтермелейтін себептер іс жүзінде бірдей, алайда нақты елдің даму деңгейіне қарай олар жалпы процеске әртүрлі әсер



етеді. Бұл себептерді мынадай блоктарға біріктіруге болады:

- 1) экономика дамуының және халықтың әл-ауқатының төмен деңгейі;
- 2) кірісті мемлекет пен қалған экономика арасында бөлуді регламенттейтін заңнаманың жетілмеуі;
- 3) бизнесті ашу және жүргізу рәсімдерінің реттелуі, бұл сыбайлас жемқорлық қызметті туындатады;
- 4) жасырын экономиканы бағалау әдістерінің және осы проблема бойынша мемлекеттік органдар арасындағы ақпарат алмасудың жетілмеуі;
- 5) әкімшілендіру және экономикалық қылмыстарға қарсы күрес органдарының материалдық-техникалық базасының жеткілікті дамытылмауы;
- 6) қолма-қол есеп айырысу нысанының басым болуы және төлем карточкаларын қабылдау жүйесі дамуының әлсіз деңгейі.

Барлық елдер үшін қандай да бір блокты құрайтын себептердің неғұрлым егжей-тегжейлі сипаттамасы мынадай:

### **1. Экономика дамуының және халықтың әл-ауқатының төмен деңгейі**

Ел экономикасының даму деңгейін мынадай макроэкономикалық көрсеткіштермен сипаттауға болады: жан басына шаққандағы ЖІӨ, адами даму индексі, жұмыссыздық деңгейі, тұрмыс деңгейі кедейшілік шегінен төмен халық үлесі және т.б.

Мыналар:

халықтың жоғары деңгейдегі жұмыссыздық және еңбекке ақы төлеудің төмен деңгейі жағдайларында өмір сүру қажеттігі;

сыртқы бәсекелестік жағдайларында салық төлегеннен кейін кәсіпорындардың тауарлар мен қызметтердің рентабельді өндірісін қамтамасыз етуіне мүмкіндік бермейтін өндірістің техникалық және ұйымдық төмен деңгейі;

қолдан жасалған және контрафактілік өнімге сұраныстың жоғары болуы; қаражатты қайтару бойынша тәуекел дәрежесінің жоғары болуы, экономиканың бәсекеге қабілетінің төмен болуы мен қаржы және кредит рыногының даму проблемалары салдарынан кредит ресурстарының қол жетімсіздігі (әсіресе шағын бизнес үшін) төмен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жағдайларында көлеңкелі экономиканың орын алуының негізгі себептері болып табылады.

### **2. Кірісті мемлекет пен қалған экономика арасында бөлуді регламенттейтін заңнаманың жетілмеуі**

Мемлекет пен қалған экономика кірістерінің арасындағы теңгерімділікті мынадай: кәсіпорындарға және халыққа салынатын салықтық жүктеменің жалпы деңгейі, тұтастай экономика бойынша және жекелеген салалар мен қызмет түрлері бойынша тауарлар мен қызметтер өндірісінің рентабельділік деңгейі, сондай-ақ еңбекақыларды еңбек өнімділігінің өсу көрсеткіштерімен, ең төменгі күнкөріс деңгейімен немесе ең төменгі еңбекақымен салыстыру көрсеткіштерімен сипаттауға болады.

Қазақстандық салық төлеушілердің көп бөлігі көлеңкеге салық салу ставкаларының

жоғары болғандығынан кетпейтінін, өздері өндіретін өнімнің бәсеке қабілетінің төмен болуы салдарынан кететінін атап өту қажет. Дегенмен бірқатар басқа елдерде себептердің бұл блогы экономиканың көлеңкеге кетуіне едәуір әсер етеді.

Бұл блок бойынша мыналар:

салық салудың тауарлар мен қызметтерді кеңінен өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін негізсіз жоғары ставкалары (өндірілетін өнім бәсекеге қабілетті болған жағдайдың өзінде);

өндірісті ірілендіру, оны ұйымдастырудың неғұрлым жоғары нысандарына көшу үшін жеке тұлғалар мен шағын кәсіпорындардағы салықтық және кредиттік ынталандырулардың жеткіліксіздігі;

негізсіз жоғары кедендік тарифтер мен басқа да алымдар көлеңкелі экономиканың өсуін ынталандыратын негізгі себептер болып табылады.

### **3. Бизнесті ашу және жүргізу рәсімдерінің реттелуі, бұл сыбайлас жемқорлық қызметті тундатады**

Келісу сатыларының саны, лицензияланатын қызмет түрлері тізбесінің мөлшері, қызметтерге тарифтердің деңгейі, жарналар мен басқа да алымдарды тіркеу және төлеу жөніндегі рәсімдерді компьютерлендірудің жай-күйі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер мен функцияларды ресімдеу рәсімдерін жүзеге асыратын тұлғаларды салықтық әкімшілендірудің жай-күйі осы себептер блогы бойынша істер жай-күйінің көрсеткіштері болып табылады.

Мыналар:

заңды және жеке тұлғалардың қысқа мерзімдерде және неғұрлым аз төлемақыға дамудың рәсімдік мәселелерін реттеуге ұмтылуы;

тексеруші ұйымдар (стандарттау, сертификаттау, өрт және басқа да инспекциялар) тарапынан анықталған бұзушылықтардың салдарынан кәсіпорынды тоқтатуды болдырмауға ұмтылу;

тауарлар мен қызметтерді өндіруге мемлекеттік тапсырысты заңнаманы бұза отырып алуға (немесе беруге) ұмтылу осы блоктағы көлеңкелі экономиканың дамуын ынталандыратын себептер болып табылады.

### **4. Жасырын экономиканы бағалау әдістерінің және осы проблема бойынша мемлекеттік органдар арасындағы ақпарат алмасудың жетілмеуі**

Мыналар: өндіріске жұмсалған негізгі материалдар шығындарын бекітілген тұтыну нормаларымен салыстыра отырып талдау; электр энергиясын өндіру және тұтыну серпінін зерттеу; басқа өңірлермен және елдермен салыстырғанда жергілікті органдардың жасырын өндірісті ашу жөніндегі белсенділігінің жай-күйі;

экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күреспен айналысатын органдар арасындағы, сондай-ақ есепке алу органдарымен ақпарат алмасу осы себептер блогындағы көлеңкелі экономиканың жай-күйін бағалау көрсеткіштері болып табылады.

М ы н а л а р :

өнімді жасырын өндіруді ұйымдастыру есебінен баюға ұмтылу;  
әлуетті органдардың жасырын цехтар мен мемлекеттен жасырылған кірісті анықтау  
жөніндегі жеткіліксіз жұмысы;

мемлекеттік қызметшілердің өнімді астыртын өндірушілермен бірігуі осы блоктағы  
көлеңкелі экономиканы ынталандыратын себептер болып табылады.

**5. Әкімшілендіру және экономикалық қылмыстарға қарсы күрес органдарының материалдық-техникалық базасының жеткілікті дамытылмауы**

Салықты және төлемдерді жинауды жүзеге асыратын органдардың техникалық жарақталуының жай-күйі, олардың еңбегіне ақы төлеудің, салық пен басқа төлемдерді жинау жөніндегі мамандардың жұмысын ішкі және сыртқы бақылаудың деңгейі бұл блоктағы істердің жай-күйінің көрсеткіштері болып табылады.

М ы н а л а р :

жеке және заңды тұлғалар тарапынан табиғи ресурстарды заңсыз пайдаланудың (бекіре аулау, ағаш шабу, астық сату және т.б.) жолын кесудің мүмкін еместігі;

ТМД мемлекеттерімен мемлекеттік шекараның ашықтығы осы блоктағы көлеңкелі экономиканың дамуын ынталандыратын себептер болып табылады.

**6. Қолма-қол есеп айырысу нысанының басым болуы және пластикалық карточкаларды қабылдау желілерінің нашар даму деңгейі**

Осы блок бойынша істер жай-күйінің көрсеткіштері: қолма-қол ақшаның қолма-қол және қолма-қол емес айналымының көлемі, қолма-қол ақша айналысының жай-күйі, ақша айналысының жылдамдығы, тауарлар мен қызметтер үшін қолма-қол емес есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін төлем карточкаларын және басқа да инновациялық құралдарды пайдалану деңгейі, сондай-ақ төлем карточкаларына қызмет көрсету инфрақұрылымының даму деңгейі болып табылады.

Бұл блоктағы көлеңкелі экономиканың даму себептері:

экономикалық агенттердің өзінің нақты тауарлар айналымы мен кірістерін декларациялағысы келмеуі және фискалдық органдарға беретін қаржы есептерінде көрсеткісі келмеуі;

экономикалық агенттердің өз сауда нүктелері мен қызметтер саласындағы ұйымдарда есеп айырысу карточкалары терминалдарын орнатуға мүдделі болмауы және қолма-қол ақшамен жұмыс істеуге бейім болуы;

халықтың банктерге сенімсіздігі;

шоттағы ақша қалдықтары бойынша банктік пайыздардың төмен болуы;  
қызмет көрсеткені үшін комиссиялық алымдардың жоғары болуы;  
жеке қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесінің қолайлылығы мен артықшылықтарының аз насихатталуы және қолда жоқ ақша айналысы жүйесінде жеке және заңды тұлғалар үшін тартымды жағдайлардың болмауы;

электрондық төлемдер саласының нашар дамуы; азаматтардың өз кірістері мен шығыстарын ашудан қорқуы болып табылады.

## 5. Қазақстандағы көлеңкелі экономиканы талдау және оның туындау себептері

### Параграф 1. Көлеңкелі экономиканың ауқымы

Қазақстанда көлеңкелі экономиканы ҰШЖ жүйесі бойынша бағалау 1992 жылдан бастап жүргізіле бастады.

1992-1998 жылдары ЖІӨ құрамындағы көлеңкелі экономика үлесі 38-ден 30%-ға дейінгі аралықта бағаланды. Экономикалық дағдарыс пен өтпелі кезең проблемалары тауарлар мен қызметтер өндіру көлеміне, халықтың жұмыспен қамтылуының және әл-ауқатының деңгейіне айтарлықтай әсер етті.

1999 жылдан бастап қазақстандық экономиканың даму қарқыны жоғары үрдіске ие болды, ал көлеңкелі экономика үлесі едәуір азая бастады және жедел деректерге карағанда 2005 жылдың басындағы жағдай бойынша ЖІӨ-нің 21,3 %-ын құрады. Бұған кәсіпорындар мен жеке тұлғалардың жұмыс істеуінің заңнамалық шеңберін, кедейшілікке қарсы күрес және халық жіктері арасындағы кірістер алшақтығын қысқарту жөніндегі шараларды жетілдіру жөнінде, сондай-ақ салықты және кедендік баждарды төлеуді мемлекеттік әкімшілендіру, статистикалық есепке алуды жетілдіру жөнінде мақсатты саясат жүргізу ықпал етті.

1996-2004 жылдардағы ЖІӨ көлеміндегі қадағаланбайтын экономиканың үлесі (ЖІӨ - ге % - бен)

(**Диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз**)

Экономикалық өсу жағдайларында көлеңкелі экономика экономикалық дамуды тұрақсыздандырудың қуатты факторына айналды. Бұл әсердің басты бағыттары мынадай.

Біріншіден, экономикалық дағдарыс уақытында барлық инфрақұрылымдық объектілер айтарлықтай тозды, әлеуметтік төлемдер деңгейі мен бюджет саласы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу ең төменгі күнкөріс деңгейінде немесе одан төмен болды, салық пен төлемдерді жинау органдарының техникалық жабдықталуы өз функцияларын тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік берген жоқ. Жиналатын салық мемлекеттің фискалдық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмайтын жағдайда болды. Мұнымен бір мезгілде салық салудың баламалы көлеңкелі тетіктері ("демеушілерге" ақы төлеу, өз функцияларын орындағаны үшін шенеуніктерге тікелей төлемдер және т.т.) ресми салық салуды ығыстырған балама болып шықты.

Екіншіден, көлеңкелі қызмет ресми экономика шеңберіндегі өндірістік процеске

іріткі салушы әсер етеді, жағдайды нашарлатады және қалыпты жұмыс істейтін, "адал" экономикалық ұйымдарды құруға кедергі келтіреді. Ол қызметкерлердің басқарылуын төмендетеді, олардың еңбекке деген ниетін әлсіретеді, кейде олардың біліктілігінің жойылуына алып келеді, көбінесе нормативтерден тыс еңбек күшін талап ететін инновацияларды игеруде қиындық туғызады және сайып келгенде, ұжым мен кәсіпорынның ыдырауына алып келуі мүмкін.

Үшіншіден, көбінесе криминалдық іс-әрекетпен байланысты көлеңкелі экономика көптеген жанжалды туындатады, олардың бір бөлігі күш қолдану арқылы шешіледі.

Төртіншіден, көлеңкелі экономика - іскерлік этиканы және оның үстіне, тұтастай әлеуметтік нормаларды қалыптастырудың аса маңызды факторы. Көлеңкелі экономиканың өрістеуі мен нығаюы әлеуметтік-этикалық нормалардың "бұлыңғырлануына" алып келуге қабілетті. Адамдар шаруашылық тұрмыста неге рұқсат етілгенін, неге рұқсат етілмегенін, қандай да бір шаруашылық іс-әрекетті бағалау өлшемдері қандай екенін ажыратуды қояды. Мысалы, шаруашылық басшыларының басым көпшілігі қолда жоқ ақшаны қолма-қол ақшаға аударуды жалған келісім-шарттарды пайдалана отырып жүзеге асырады ("қолма-қол ақшаға айналдыру" д.а.). Негізінде - бұл заңсыз операция, оның қатысушылары жазалануға тиіс. Алайда мұндай операция жасағаны үшін жазалаған жағдайлар өте аз.

Көлеңкелі экономика мөлшерін қысқарту саласындағы елеулі прогреске қарамастан, ол қоғамның дамуына іріткі әсер етуін жалғастыруда, билік пен қолданыстағы заңнаманың беделіне әсер етуде.

ЖІӨ құрамындағы үлесі 1998 жылғы 19,1%-дан 2004 жылы 11,3%-ға дейін азайған формальды емес экономика сегментіндегі қадағаланбайтын экономика мөлшерінің қысқаруы неғұрлым жоғары қарқынмен жүріп жатыр. Мұның себептері экономиканың жоғары даму қарқыны, инфляцияның, жұмыссыздықтың азаюы және ел халқы кірістерінің нақты өсуі болды.

Сонымен қатар жасырын экономикалық қызмет үлесі неғұрлым бәсең қарқынмен азайды (11,1-ден 10%-ға дейін). Бұл жасырын экономикалық қызметті анықтау жөніндегі проблемалардың неғұрлым бәсең қарқынмен шешілуінің айғағы.

Сарапшылардың бағалаулары бойынша Қазақстан рыногына 850-900 млн. АҚШ доллары сомасына жалған, оның ішінде 25-30% контрафактілік өнім түседі. Бұл жалған өнімнің шамамен 450-500 млн. АҚШ долларын ТМД елдерінен, шамамен 300-350 млн. АҚШ долларын Ресейден әкелінетін импорт құрайды.

Есептен жасырылатын кірістердің үштен бір бөлігі жыл қорытындысы бойынша статистика және салық органдары алдында есеп бермеген кәсіпорындардың үлесіне тиеді. Бұған қылмыстық ақшаны "қолма-қол ақшаға айналдырумен" және оны көлеңкелі айналымға шығарумен байланысты қаржылық алаяқтық фактілері ("бір күндік фирмалар" құру) ықпал етеді. Бұл фактілер бюджеттің кіріс бөлігінің толығына кері әсерін тигізеді.

## Параграф 2. Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың даму себептерін талдау

### Экономика дамуының және халықтың әл-ауқатының деңгейі

Соңғы төрт жылда Қазақстанда экономикалық өсудің жоғары қарқынының тұрақты үрдісі қалыптасты. Экономика дамуының соңғы төрт жылдағы орташа жылдық даму қарқыны 10,4%-ды, халықтың ақшалай кірістерінің нақты өсуі - 6%-ды құрайды.

Түбегейлі рыноктық реформалар жүргізу нәтижесінде қаржылық және фискалдық жүйелер ресурстарды нығайту және теңгерімдеу бөлігінде де, техникалық жаңару бөлігінде де дамытылды. Халықаралық ұйымдар елдің заңнамасын және инвестициялық ахуалды экономиканы дамытуға капитал салу үшін тартымды деп т а н ы д ы .

Алайда, бұл жетістіктерге қарамастан, экономиканың шамамен 21%-ы көлеңкеде жатыр. Дамыған елдермен және дамушы елдердің едәуір санымен салыстырғандағы ел экономикасы дамуының және тиісінше халықтың әл-ауқатының төмен деңгейі осы процестегі басты фактор болып қалуда.

Қазақстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ-сі басқа елдердің осындай көрсеткіштеріне %-бен

	1998	1999	2000	2001	2002	2003
АҚШ	4,7	3,4	3,6	4,2	4,5	5,2
Германия	5,6	4,4	5,4	6,6	6,8	6,7
Жапония	4,7	3,2	3,3	4,6	5,3	5,8
Корей	19,8	11,9	11,4	14,6	14,4	15,7
Малайзия	45,4	32,7	32,2	40,7	42,4	47,7
Ресей	80,1	84,9	69,5	70,6	68,6	64,9

*Көзі: Халықаралық валюта қоры (ХВҚ)*

Қазақстандық экономиканың әлеуеті дамыған елдерден және бірқатар дамушы елдерден әлі де едәуір артта. Мысалы, 2003 жылы Қазақстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ-сі Жапонияның осындай көрсеткішіне тек 5,8%-ды, АҚШ-тікіне - 5,2%-ды, Германиянікіне - 6,7%-ды, Корейдікіне - 15,7%-ды, Малайзиянікіне - 47,7%-ды, Ресейдікіне - 64,9%-ды құрады.

Келтірілген көрсеткіштер тауарлар мен қызметтер өндірісінің даму деңгейі, еңбек өнімділігі, материалдық және табиғи ресурстарды пайдалану жағынан Қазақстан дамыған елдерден және бірқатар дамушы елдерден әлі де едәуір артта екендігінің а й ғ а ғ ы .

2004 жылы кірісі ең төменгі күнкөріс шегінен төмен халықтың үлесі тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша 16,1%-ды, ауылдық жерде 24,1%-ды құрады. 2003 жылы жұмыссыздық деңгейі 8,4%-ды құрады. Кедейшілік пен жұмыссыздықтың болуы

халықтың өмір сүруге деген ниетін туындатады, бұл формальды емес экономиканың жоғары деңгейіне алып келеді.

2004 жылы формальды емес экономика сегментіндегі қосылған құн шамамен 642,9 млрд. теңгеге бағаланды, оның ЖІӨ құрамындағы үлесі заңды тұлғалардың қызметі саласындағы жасырын экономиканың мөлшерінен 1,3 пайыздық пунктке асып түседі.

#### 2004 жылғы формальды емес экономиканың салалық құрылымы

	млрд. теңге	Формальды емес экономика көлемінің бағасына %-бен
Барлығы	642,9	100
ауыл шаруашылығы	236,6	36,8
өнеркәсіп	109,3	17,0
көлік	98,4	15,3
сауда	63,6	9,9
құрылыс	36	5,6
өзге салалар	99	15,4

*Көзі: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі*

Үй қожалықтары алған кірісті жасыруға негіз болатын ниет мыналардан көрінеді: мемлекет тарапынан қандай да бір қолдаусыз алынған аз ғана кірісті онымен бөліскісі келмеу ниеті;

объективті статистикалық ақпарат беру бөлігінде билікке деген сенімсіздіктің он жылдықтар бойы орнығып қалуы (өнімді қайтарымсыз алып қою, салық салу, айыппұлдар мен басқа да алып қоюлар қаупі).

Талдау экономиканың жоғары емес даму деңгейіне байланысты себептер көлеңкелі экономиканың әрекет етуіндегі басты рөлді атқаруын жалғастырып отырғанын көрсетеді.

Қазақстанда ірі және шағын кәсіпорындар арасындағы өндірістік кооперация немесе аутсорсинг жеткілікті дамымаған. Дамыған экономикаларда ірі бизнеспен ынтымақтастық шағын және орта кәсіпорындар үшін аса маңызды кіріс көздерінің бірін білдіреді. Ірі кәсіпорын жинақтауыштарға тапсырыстарды көптеген ұсақ кәсіпорындарға орналастырып, өзінің күш-жігерін неғұрлым жауапты әрі күрделі операциялар мен технологиялық процестерге шоғырландыратын кластерлеу деп аталатын процестер кеңінен тарады. Қазақстан үшін ірі және шағын бизнестің өзара әрекет ету процестері ірі бизнеске де, шағын бизнеске де тән тұрақсыздық жағдайында кәсіпорындар арасындағы ресурстардың әр қилы түрлерінің өзара тоғысу процестері оны пайдаланудың тиімділігін арттыруға алып келуге тиістігімен де өзекті.

**Әкімшілік кедергілер және олардың экономиканың көлеңкеге кетуіне әсері**

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекет жасаған кезде мемлекеттік қызметтерді тұтынушыларда туындайтын әкімшілік кедергі проблемаларын зерделеу жөнінде з е р т т е у л е р ж ү р г і з д і .

Жасанды түрде жасалатын кедергілердің пайда болуы, бірінші кезекте, мемлекеттік қызметтерді көрсету процесін регламенттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаның жетілмеуімен негізделген. Заңдар мен заңи кесімдердің едәуір бөлігі ведомстволық өзгешелігімен, күрделілігімен ерекшеленеді және нормативтік-құқықтық кесімдердің авторларына ғана қолайлы қосымша түсіндірулерді талап етеді. Бұл, әсіресе лицензиялау, сертификаттау және стандарттау, салық салу және т.б. процестерде кәсіпкерлердің мемлекеттік органдармен өзара әрекет етуі кезінде көрінеді .

Жылумен, сумен және энергиямен жабдықтау саласында коммуналдық қызметтер көрсететін табиғи монополиялармен келіспеушіліктер туындаған жағдайда өздерінің заңды құқықтарын қорғау кезінде кәсіпкерлер мен өңірлердің халқы айтарлықтай қ и ы н д ы қ ш е г е д і .

Қызметтер көрсеткен кезде қызметтік жағдайын бопсалау нысанында теріс пайдалану көптеген органдардың қызметкерлеріне тән. Тұтынушылардың пікірі бойынша, бұл әсіресе, фискалдық органдарда (салық және кеден қызметтері), әкімдіктер мен өрттен қорғау қызметкерлері арасында көп кездеседі. Әкімдіктердің қызметкерлері үшін әсіресе, кәсіпорындарды қайырымдылық, сондай-ақ бизнеске тән емес басқа да төлемақылар жасауға мәжбүрлеу тән.

Қажет болған жағдайда мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекетімен дауласу мүмкіндігінің болмауына байланысты халық пен кәсіпкерлер жойылуы қиын кедергілерге тап болады. Сұралғандар санының тек 4%-ы ғана қызметтерді алмағаны үшін және тек 1,5%-ы ғана шенеуніктер тарапынан өздеріне дұрыс көңіл бөлінбегені үшін шағым берген фактісі бұл туралы жанама айғақтайды. Істің жай-күйін жақсартуға бағытталған Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің қабылдануы әзірге тиісті нәтиже берген жоқ. Қызметтерді тұтынушылардың мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекет жасаған кездегі негізгі қиындықтары 1-суретте көрсетілген.

Кәсіпкерлер мен халықтың пікірі бойынша мемлекеттік қызмет өкілдерінің талаптары көбінесе субъективті сипатта болады. Бұл олардың маңызын айқындауы тиіс нұсқаулықтар мен нормативтердің жетілмегендігінен болады. Бұл ретте тұтынушының жоғарыда аталған органдардың қызметін, олардың өкілеттігі мен жауапкершілігін, мемлекеттік органдардың да, тұтынушылардың да құқықтары мен міндеттерін регламенттейтін тиісті ережелермен, нормативтермен, нұсқаулықтармен және басқа да құжаттармен танысуға мүмкіндігі жоқ.



Атқарушы органдармен өзара іс-әрекет жасаған кездегі негізгі қиындықтар

(**Диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз**)

*Көзі: "Экономикалық зерттеулер институты" РМК-ның сауалнамалық зерттеу материалдары*

Бұл проблема Мемлекет басшысы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрақты әрі қатаң қадағалауында екенін атап өткен жөн. Оны шешу үшін қазіргі уақытта микродеңгейдегі нақты жағдайларға бейімделуі тиіс белгілі бір институционалдық-құқықтық негіз құрылған. Әкімшілік кедергілерді, соның ішінде жасанды түрде жасалатын кедергілерді жоюға ерекше назар аударылады.

### **Көлеңкелі экономиканың мөлшерін есепке алу мен бағалау жүйесінің жетілмеуі**

Елдегі көлеңкелі экономика мөлшерін бағалаудың сапасы экономиканың дамуы, статистикалық есептілік саласында бір жыл ішінде анықталған бұзушылықтар, жасырын өндірістер, өнім мен кірістің бір бөлігін жасыру фактілері, оның сапасы мен даму көрсеткіштерінің логикалық байланысы туралы толыққанды әрі объективті ақпараттың болуына тәуелді.

Халықаралық практиканы зерделеу көлеңкелі экономика мөлшерін бағалау әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылатынын көрсетті, мыналар оның негізгілері болып табылады:

1) өткен кезеңмен салыстырғанда ресми тіркелген субъектілердің ресми статистикалық есептілікті табыс етпеуі салдарынан көлеңкелі экономикалық қатынастарды бөліп көрсету негізгі өлшем болып табылатын есептік-статистикалық тәсіл;

2) көлеңкелі экономикалық құбылыстарды олардың нормативтік реттеу жүйесіне қатысы бойынша бөліп көрсету негізгі өлшем болып табылатын формальды-құқықтық тәсіл.

Мыналар: экономикалық ақпаратты ашық бақылау әдістері арқылы алудың мүмкін еместігі, жасырын өндіріс және кәсіпорындардың ресми тіркелуден жалтаруы, мәмілелерді мемлекеттік тіркеудің болмауы, экономикалық агенттердің ережелер мен заңдарға бағынбайтын немесе қандай да бір түрде мемлекеттік басқару және бақылау органдарынан жасырылған қызметі бұл тәсілдің айрықша ерекшелігі болып табылады;

3) алғашқы екі тәсілдің өлшемдері біріктірілген кешенді тәсіл.

Кешенді тәсіл мынадай зерттеу әдістерін жүргізуді талап етеді:

*Микроәдістер* (тікелей әдістер): халыққа және сарапшыларға сұрау жүргізу; іріктеп зерттеулер; салық кітаптарындағы жазбаларды талдау; мемлекеттік бақылау деректері;

*Макроәдістер* (жанана әдістер): алшақтықтар әдісі: өзара байланысты көрсеткіштерді салыстыру; жұмыспен қамту көрсеткіштері жөніндегі әдіс: жұмыс уақытының шығындарын зерделеу; монетарлық әдіс: қолма-қол ақшаға сұранысты

талдау; құрылымдық әдіс: экономика салалары бойынша талдау; нақты шығындар әдісі : электр энергиясын тұтынуды және өнім шығару көлемін салыстыру.

Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың ауқымын бағалау практикасында көлеңкелі экономиканың ауқымы туралы толық ақпарат бермейтін есептік-статистикалық тәсіл ғана пайдаланылады, бұл көлеңкелі экономикаға қарсы, әсіресе жасырын өндірістік қызмет пен ресми тіркелген кәсіпорындарда кірістің бір бөлігін әдейі жасыру саласындағы күрес жөнінде тиімді шараларды тұжырымдауға мүмкіндік бермейді.

Бұдан басқа, есепке алу сапасы өндіріс және өндірістік мұқтаждарға электр энергиясын тұтыну серпіні жөніндегі деректерді салыстыру сияқты көрсеткіштер бойынша жанама талдаудың өзін жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Төменде келтірілген диаграммада өнеркәсіптік өндіріс пен өндірістік мұқтаждарға электр энергиясын тұтынудың өсу қарқынының логикалық сәйкессіздігі көрсетілген. Экономикалық теория бойынша өндірістің жоғары өсу қарқыны электр энергиясын тұтынудың бара бар дерлік өсуімен сүйемелденуге тиіс. Шетелдер практикасында экономикалық өсу қарқынын электр энергиясын тұтынумен логикалық салыстыру қолданылады. Егер диаграммада келтірілген логиканы ұстанатын болсақ, онда өнеркәсіптегі өнім өндірудің өсуі қол еңбегін пайдалану жолымен қамтамасыз етілген.

2000-2004 жылдарда өнеркәсіптік өнім өндіру және электр энергиясын тұтыну серпіні, өткен жылға %-бен

**(Диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)**

*Көзі: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі*

Қызмет салалары мен түрлері бөлінісіндегі елдің энергиялық теңгерімі бойынша электр энергиясын тұтыну жөніндегі деректер көлеңкелі экономика мөлшерін бағалауды жүргізуге және оны қысқарту жөніндегі тиімді шараларды тұжырымдауға мүмкіндік бермейді.

## **Салық салу жүйесі**

Халықаралық практикада түскен салықтар сомасының елдің жалпы ішке өніміне қатынасы экономиканың салықтық жүктемесін көрсететін негізгі өлшем деп есептеу қабылданған. Бұл көрсеткіш мемлекет өз функцияларын іске асыру үшін елде өндірілген жалпы кірістің қандай бөлігін пайдаланатынын айқын көрсетеді. Дамыған экономика үшін оңтайлы сома шамамен ЖІӨ-нің 35%-ын құрайды. Экономикалық өсудің жоғары қарқыны мен елге тікелей инвестициялар ағыны саясатын басымдық ретінде алға қойған елдер үшін салықтық жүктеме едәуір төмен және 20%-дан 26%-ға дейінгі аралықта ауытқиды.

"Қазақстан - 2030" даму стратегиясының басты экономикалық басымдылығы елге тікелей шетелдік инвестициялар мен технологияларды тарту есебінен экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз ету болып табылады. Осының нәтижесінде

Салық кодексін қалыптастырған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік шығындардың жоғары тиімділігін қамтамасыз етуді өзінің фискалдык саясатының басты басымдылығы ретінде айқындады, бұл дамудың ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін салық салу ставкасын белгілеуге мүмкіндік берді.

2004 жылғы салықтық жүктеменің деңгейі басқа елдермен салыстырғандағы ЖІӨ-ге %-бен мөлшері

	Салық-тар, барлығы	Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы	Пайда салығы	Әлеуметтік сақтандыруға аударымдар			Тауарлар мен қызметтерге салынатын салық
				барлығы	жұмыскерлер	жұмыс берушілер	
Қазақстан	21,4*	1,8	6,9	3,0	0	3,0	7,8
Ресей	34,2	3,3	4,3	7,5	0	7,5	12,8
АҚШ	28,9	11,8	2,4	6,6	3	3,5	4,7
Ұлыбритания	36,3	10,5	3,8	6,2	2,6	3,5	11,7
Германия	37,7	9,5	1,8	13,8	6,5	7,3	10,6
Франция	45,8	8,1	2,9	15,5	4	11,5	12,3
Италия	43,3	11,4	3,3	11	2,4	8,7	11,9
Канада	38,2	14,6	3,7	5,1	2	3,1	9,4
Жапония	26,2	4,8	3,4	8,8	3,8	5,0	5,3
Венгрия	39,2	6,8	2,3	12,9	2,2	10,7	15,8
Словакия	35,3	4,4	2,8	11,5	2,8	8,7	12
Польша	35,2	8,1	2,6	9,9	0	9,9	13,2
Чехия	40,4	5,2	3,8	15,2	4	11,3	13,1
ЭЫДҰ елдері	41,6	10,9	3,7	9,2	3	6,2	13,2
Еуроаймақ елдері	37,3	9,5	3,2	8,9	3,1	5,8	11,3

Көзі: Еуростат, ХВҚ, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

\* - Ұлттық қор ескерілмеген

Өндірістік қызметтің тиімділігін айқындау өлшемі салалар мен қызмет түрлері рентабельділігінің көрсеткіші болып табылады. Бұл өлшемнің ерекшелігі оның нақты ел кәсіпорындарының орташа техникалық және ұйымдық деңгейіне бейімделгенінде. Бұл көрсеткіш экономиканың қандай да бір саласы қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін және оның салықтарды төлеу қабілетін көрсетеді.

Салалар бөлінісіндегі рентабельділіктің деңгейін 2003 жылғы талдау тұтастай экономика бойынша оның деңгейі (19,7%) экономиканың дамуына және салық төлеуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Кейбір салаларда, әсіресе табыстарды жымқыруға

неғұрлым қолайлы жағдайлары бар жерлерде, сондай-ақ табиғи монополиялар жұмыс істейтін салаларда оның деңгейі не жоғары емес не теріс.

Электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу саласында, сондай-ақ коммуналдық шаруашылықта рентабельділіктің теріс мөлшері табиғи монополияларға халықтың және үй қожалықтарының бір бөлігінің төлем қабілеттілігінің қолданыстағы мүмкіндіктеріне есептелген тарифтерді белгілеу (тұтынушылардың санаттарына қарай тарифтерді күрт сараландыру), ескірген технологиялар мен жабдықты пайдалану және қолдану, сондай-ақ бөлу тұтынушыларға (тұрғындар мен ұйымдарға) дейін жеткізу кезіндегі едәуір шығындар салдарынан болады.

2004 жылғы негізгі қызметтен алынған рентабельділік және қызмет түрлері бойынша өндіріс рентабельділігі

	Негізгі қызметтен алынған рентабельділік, (шығындылық) %	Өндіріс рентабельділігі, (шығындылығы) %
Барлығы	23,1	25,7
Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы	0,2	1,7
Өнеркәсіп	40,3	41,6
тау-кен өнеркәсібі	67,2	67,5
өңдеу өнеркәсібі	21,3	22,8
электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу	-2,8	2,6
Құрылыс	2,6	3,4
Сауда-саттық, автомобильдерді, тұрмыс бұйымдары мен жеке қолданатын заттарды жөндеу	2,7	4,9
Қонақүйлер мен мейрамханалар	6,7	19,1
Көлік және байланыс	10,5	18,9
Қаржылық қызмет	1,7	11,2
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызмет көрсету	6,7	8,3
Коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызметтер көрсету	2,0	5,4

*Көзі: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі*

**Қолма-қол есеп айырысу нысанының басым болуы және төлем карточкаларын қабылдау желілері дамуының әлсіз деңгейі**

Соңғы жылдары Қазақстандағы экономикалық өсу халықтың әл-ауқатын арттырумен қатар айналыстағы ақша көлемінің ұлғаюына да ықпал етті.

2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы ақша массасы 70%-ға өсті және 1650 млрд. теңгені құрады.

Көрсеткіштер	2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл	2003 жыл	2004 жыл
				2002 жылға %-бен	2003 жылға %-бен

ЖІӨ, млрд. теңге	3776	4612	5542		
нақты өзгеру	109,8	109,3	109,4		
Ақша базасы, млрд. теңге	208	317	578	152,4	182,3
Ақша массасы, млрд. теңге	765	972	1650	127,1	169,8
Ақша айналысының жылдамдығы	4,9	4,7	2,9	95,9	70,2
Тұтыну бағаларының индексі, жылына орта есеппен %-бен	5,9	6,4	6,9		
Нақты жалақы, өткен жылға %-бен (шағын кәсіпорындарды ескере отырып)	110,9	107	114,6		
Орташа зейнетақы мөлшері, теңге	5818	8198	8553	140,9	104,3

2003 жылы ақша массасының құрылымында айналыстағы қолма-қол ақшаның үлесі 21,1%-дан 24,5%-ға өсті, бірақ 2004 жылы 1,5 пунктке азайды да 23%-ды құрады.

2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 59%-ға ұлғайды.

Бұл ретте, 2004 жылы аударылатын және басқа да депозиттердің үлесі керісінше 1,5 пунктке ұлғайды және ақша массасының 77%-ын құрады.

#### Ақша агрегаттарының 2004 жылғы жай-күйі\*

Атауы	2002 жыл		2003 жыл		2004 жыл		2003 жыл 2002 жылға %-бен	2004 жыл 2003 жылға %-бен
	млрд.теңге	үлес сал-м., %	млрд.теңге	үлес сал-м., %	млрд. теңге	үлес сал-м., %		
Ақша базасы	208,2	100	317	100	577,8	100	152,3	182,3
ҚҰБ-тан тыс қолма-қол ақша	177,9	85,4	262,1	82,7	410,9	71,1	147,3	156,8
ақша базасына енгізілетін депозиттер	30,3	14,6	54,9	17,3	166,9	28,9	181,2	3 есе
Ақша массасы (М3)	765	100	971,7	100	1650,1	100	127,0	169,8
айналыстағы қолма-қол ақша, млрд. теңге (М0)	161,7	21,1	238,5	24,5	1270,8	23	147,5	159
резиденттердің аударылатын және басқа да депозиттері	603,3	78,9	733,2	75,5	1270,8	77	121,5	173,3

Айналыстағы қолма-қол ақша серпінін салыстырмалы талдау 2004 жылғы үрдіс 2002-2003 жылдары болғанын көрсетеді.

2004 жылы айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 59%-ға немесе 140,8 млрд. теңгеге, ал 2003 жылы 47,5 пайызға және тиісінше 76,8 млрд. теңгеге ұлғайды.

2002-2004 жылдары айналыстағы ақшаның өсуіне шығыстардың ұлғаюы мен тұтастай экономиканың өсуі ықпал етті.

**2002-2004 жылдардағы түсімдер және екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кассаларынан қолма-қол ақша беру**

млрд.теңге

Банктердің кассалары арқылы өтетін қолма-қол ақша ағыны	2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл
Кассаларға кіріс	1662,9	2279,1	3138,0
тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өткізуден түсетін	563,2	744	959,7
коммуналдық төлемдерден түсетін	52,9	59,3	67,8
көлік кәсіпорындарынан түсетін	31,8	31,5	41,6
байланыс кәсіпорындарынан түсетін	32,6	45,7	60,9
қонақүй, ойын және шоу бизнесі кәсіпорындарынан түсетін	3,3	3,2	4,5
сактандыру ұйымдарынан түсетін	0,6	2,3	2,4
шетел валютасын сатудан түсетін	475,7	572,9	691
жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттарға түсетін	117	173,5	345,7
салықтар, алымдар және кедендік төлемдер түсімдері	41	51	74,7
қарыздарды өтеу	19,2	31,5	52,8
банкоматтардан алынған	54,4	62,3	90,5
өзге де түсімдер	271,2	501,8	746,4
Кассалардан беру	1652,4	2339,1	3350,6
тауарларға, қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге	398,7	543,6	728,7
еңбекке ақы төлеуге	217,6	227,7	263,6
ауыл шаруашылығы өнімдеріне ақы төлеуге	103,6	120,1	88,3
көлік пен байланыс кәсіпорындарына	3,7	7,6	3,1
сактандыру ұйымдарына	0,5	0,6	0,5
шетел валютасын сатып алуға	162,4	254,7	346,4
жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттардан	209,6	290,6	517
жеке және заңды тұлғаларға қарыздардан	6,6	13,1	33,1
зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуге	124,5	138,3	198,4
банкоматтарды нығайтуға	214,1	320,8	459,5
өзге де берулер	211,1	421,9	712,0

2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің және есеп айырысу операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарының қолма-қол ақша айналымы 40,4%-ға өсіп (2002 жылмен салыстырғанда екі есе дерлік - 95,5%-ға өсті), шамамен 6483 млрд. теңгені құрады.

Екінші деңгейдегі банктердің және есеп айырысу-касса операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың кассаларынан қолма-қол ақша беру көлемі 2004 жылы олардың кірісінен 212,6 млрд. теңгеге асып түсті және 3350,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2003 жылдың деңгейінен 43,2%-ға жоғары.

2004 жылы кассалардан қолма-қол ақша берудің ең жоғарғы өсуі тауарларға, қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу бойынша байқалды, көрсетілген кезеңде олардың көлемі 728,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2003 жылдың деңгейінен 34,1%-ға немесе 185,1 млрд. теңгеге жоғары. Осы бап бойынша шығыстардың осылай өсуі 2002 - 2003 жылдары байқалды (бұл бекіту шындыққа сәйкес келмейді, өйткені 2003 жылы өсу 36,3% немесе 144,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылдағы саннан ерекшеленеді, яғни о л а р ғ а ұ қ с а м а й д ы ) .

Банкоматтарды нығайтуды ескере отырып жалақы беру көлемі шамамен 723 млрд. теңгені (үлесі - 21,6%) құрады, қазіргі уақытта жалақы ағымдағы шот бойынша ғана емес, банкоматтардан да берілетініне байланысты бұл сома екі бапты (кесте бойынша) біріктіру арқылы алынды. 2002-2004 жылдары бұл көрсеткіштің өсуі байқалды, мысалы , 2003 жылмен салыстырғанда өткен 2004 жылы ол 31,8%-ға, ал 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы 27,1%-ға ұлғайды.

Өткен 2004 жылы екінші деңгейдегі банктердің және есеп айырысу-касса операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың кассаларынан 198,4 млрд. теңге сомасына зейнетақылар мен жәрдемақылар төленді, бұл есеп айырысу-касса бөлімдері 2004 жылы берген барлық қолма-қол ақшаның шамамен 5,9%-ын құрады.

Берулердің жалпы өсіміне банктер кассаларының қолма-қол ақша шығысы баптарының қатысу дәрежесін есептеу мынадай нәтижелерді көрсетті.

2003-2004 жылдары екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар кассаларының шығыс бөлігінің жалпы өсіміне қолма-қол ақша беру баптарының үлесі

Факторлар	2003 жыл	2004 жыл
Барлық өсім	141,6	143,2
тауарларға, қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге берудің өсімі	8,8	7,9
банкоматтарды нығайтуды ескере отырып еңбекке ақы төлеуге берудің және жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттардан берудің өсімі	12	17,1
шетелдік валютаны сатып алуға берудің өсімі	5,6	3,9
зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуге берудің өсімі	0,8	2,6
жеке және заңды тұлғаларға қарыз берудің өсімі	0,4	0,9
ауыл шаруашылығы өнімдеріне ақы төлеуге берудің өсімі	1	-1,4
көлік және байланыс кәсіпорындарына берудің өсімі	0,2	-0,2
сактандыру ұйымдарына берудің өсімі	0,01	-0,002
өзге де төлемдердің өсімі	12,8	12,4

2004 жылы банктердің кассаларынан берілген қолма-қол ақшаның жиынтық шығыстарының 43,2% өсімінің 17,1%-ы банкоматтарды нығайтуды ескере отырып, еңбекке ақы төлеуге берудің және жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттардан берудің өсуімен негізделген.

Ұлттық Банктен тыс қолма-қол ақшаның өсуіне ықпал еткен басқа факторлар

тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге берудің өсуі (7,9%), шетелдік валютаны сатып алуға берудің өсуі (3,9%), зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуге берудің өсуі (2,6%) болып табылады және 12,4%-і өзге төлемдерге келеді.

Қалған факторлар банктердің кассаларынан берілген қолма-қол ақшаның өсуіне ықпал еткен жоқ, өйткені, олардың көлемі өткен жылдардағыдай деңгейде болды және төмендеді.

2003 жылы банктердің кассаларынан берілген қолма-қол ақшаның жиынтық шығыстарының 41,6% өсімі 2004 жылы да орын алған факторлардың өсуі:

банкоматтарды нығайтуды және жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттардан беруді ескере отырып, еңбекке ақы төлеуге берудің 12% өсуі;

тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге арналған шығыстардың 8,8% ұлғаюы;

шетелдік валютаны сатып алуға берудің 5,6% өсуі;

өзге төлемдердің 12,8% өсуі;

ауыл шаруашылығы өнімдеріне ақы төлеуге арналған шығыстардың 1% ұлғаюы;

зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеудің 0,8% өсуі салдарынан болды.

Жоғарыда келтірілген есептердің негізінде 2003-2004 жылдары екінші деңгейдегі банктердің және есеп айырысу операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың кассаларынан берілген шығыстардың өсуі негізінен, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері жалақысының, зейнетақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдердің, сондай-ақ тұтастай кәсіпкерлік субъектілерінің іскерлік белсенділігінің ұлғаюы нәтижесінде болғандығын атап өту қажет.

Қазіргі жағдайларда Қазақстанда экономикалық қызмет субъектілеріне төлем құралдарын кеңінен ауқымын таңдауға мүмкіндік беріледі. Олардың орындалу мерзімдері, банк қызметтерінің құны жағынан және нақты шаруашылық операцияларын ескере отырып өздерінің сұраныстарына барынша сай келетін құралды таңдау мүмкіндігі бар. Тұтастай алғанда, республикада түрлі төлем құралдарын пайдаланудың жыл сайын ұлғайып бара жатқаны байқалады.

Дегенмен, тұтыну мәмілелері саласындағы қолма-қол емес есеп айырысулардың жай-күйін талдау оның даму деңгейі әлемдік көрсеткіштерден әлдеқайда төмен екендігін көрсетті. Осы салада қолма-қол төлем нысандары кеңінен қолданылатыны байқалып отыр. Бөлшек сауда айналымының жалпы көлеміндегі қолма-қол емес есеп айырысулардың үлес салмағының төмен болуы (3%-дан аспайды) осы саладағы төлемдердің негізгі массасы банк жүйесінен тыс жүзеге асырылатын жағдайға әкеп тірейді, бұл ақша айналысын басқару проблемасын күрделендіреді және көлеңкелі экономиканың өсуіне ықпал етеді.

Қолма-қол айналым үстем рыноктарда ақша ағынын іс жүзінде қадағалау және бақылау мүмкін емес.

Елдің ақша массасындағы қолма-қол ақша үлесінің салыстырмалы түрде мол болуы (23%) негізінен қолма-қол ақша арқылы қызмет көрсетілетін көлеңкелі экономика



Қазақстанда таралып отырғанын айғақтайды. Екінші жағынан, бұл көрсеткішті Қазақстанда қолма-қол ақша айналымы басым бөлшек сауда айналымында төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын қолма-қол емес төлемдер эзірге жете дами қоймағандығымен түсіндіруге болады.

Қазақстан Республикасында қолма-қол және қолма-қол емес ақша айналымының сандық арақатынасына көптеген факторлар, тіпті халық менталитетінің ерекшеліктері де әсер етеді. Бүгінде халық төлем карточкасына төлемдерді жүзеге асыру үшін ыңғайлы төлем құралы ретінде қарамайды және бұл құралдың мүмкіндіктерін түсінбейді. Практика көрсеткендей, төлем карточкаларын ұстаушылар өздерінің карт-шоттарына жалақы (зейнетақы немесе басқа да аударымдар) есептелгеннен кейін оны тез арада қолма-қол ақшаға айналдыруға тырысады. Сонымен қатар, Қазақстанда санаулы ғана сауда және сервис кәсіпорындары тауарлар мен қызметтерге қолма қол емес ақы төлеу үшін төлем карточкаларын қабылдайды, оның үстіне олардың басым бөлігін ауқатты клиенттерге бағдарланған ірі сауда ұйымдары құрайды. Республикада төлем карточкаларын қабылдаудың дамыған желісінің болмауы оларды қызметтер мен бөлшек сауда саласында қолма-қол емес төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдалану мүмкіндігін біршама шектейді.

Дегенмен, Қазақстанда төлем карточкалары базасында төлем жүйелерінің дамуында бірқатар оң үрдістер байқалуда. Соңғы уақытта қолма-қол ақша алу жөніндегі операциялардың өсуімен салыстырғанда қолма-қол емес төлемдердің басып оза өсуі байқалып отыр. Мысалы, 2005 жылдың бірінші жарты жылдығында төлем карточкалары пайдаланылған қолма-қол емес төлемдер саны 29 млрд. теңге сомасына 2,4 млн. транзакцияны құрады, 2004 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда тиісінше 3,2 есе және 3,1 есе өсті. 2005 жылдың бірінші жарты жылдығында қолма-қол ақша алу жөніндегі операциялар саны 351,6 млрд. теңге сомасына 20,4 млн. транзакцияны құрады, бұл ретте, 2004 жылдың бірінші жарты жылдығымен салыстырғанда өсу сан жағынан 30,1%-ды және сомасы жағынан 49%-ды құрады.

Бүгінгі таңда Республикада орта есеппен 5 адамға бір төлем карточкасынан келеді. 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша айналыста 276 млн. төлем карточкасы бар, ал төлем карточкаларын ұстаушылар саны 2,63 млн. адамды құрады.

2005 жылдың бірінші жарты жылдығында қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілген транзакцияларының көлемі 380,6 млрд. теңгені құрады.

Сондай-ақ, қызмет көрсетілетін төлем карточкалары желісінің одан әрі кеңеюі байқалып отыр. 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанда ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдайтын 2387 сауда кәсіпорны жұмыс істейді. Бұл ретте, 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банкоматтар саны 1432 бірлікті, сауда терминалдарының саны 5152 бірлікті ал импринтерлер саны 1414 бірлікті құрады.

Әлемдік үрдістерді ескере отырып, түрлі инновациялық төлем құралдарын енгізу

перспективаларын нақты бағалай келіп, төлем карточкаларын төлем құралы ретінде пайдалануды одан әрі кеңейту есебінен бөлшек сауда айналымындағы қолма-қол емес төлемдер үлесін ұлғайтуда маңызды ілгерілеуді қамтамасыз етуге болады деген тұжырым жасауға болады.

### Параграф 3. Қорытындылар

Экономикалық өсудің жоғарғы қарқыны экономиканың формальды емес секторындағы істердің жай-күйін айтарлықтай жақсартты деуге болады, бірақ көлеңкеге кетуге түрткі болатын себептер әлі де бар.

Себептерді ранжирлеу және Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканы қысқарту жөніндегі жұмыстың басым бағыттарын тұжырымдау мақсатында көлеңкелі экономиканы ынталандырушы себептердің әр блогының рейтингі айқындалды (10 баллдық жүйе бойынша, бұл ретте 10 балл неғұрлым өткір, ал 0 балл мардымсыз себептерді көрсетеді).

Көлеңкелі экономиканы ынталандырушы себептер блоктары және олардың маңыздылық рейтингтері

Себептер блогының атауы	Себептер маңыздылығының рейтингі
Экономика дамуының және халықтың әл-ауқатының төмен деңгейі	9
Бизнесті ашу және жүргізу рәсімдерінің реттелмелігі, бұл сыбайлас жемқорлықты туындатады	8
Мемлекеттік органдар арасында ақпарат алмасу арқылы көлеңкелі экономика мөлшерін бағалау әдістерінің жетілмеуі	7
Әкімшілендіру және экономикалық қылмысқа қарсы күрес органдарының материалдық-техникалық базасының жеткілікті дамымауы	6
Кірістің мемлекет пен қалған экономика арасында бөлінуін регламенттейтін заңнаманың жетілмеуі, сондай-ақ жоғары кедендік тарифтер	5
Қолма-қол есеп айырысу нысанының басым болуы және төлем карточкаларын қабылдау желісін дамытудың төменгі деңгейі	4

Осылайша, қазақстандық экономиканың соңғы төрт жылдағы дамуының жоғары қарқынына қарамастан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің оның ауқымын қысқарту жөніндегі 2010 жылға дейінгі жұмысының басты бағыты:

экономикалық дамудың жоғары қарқыны және халықтың әл-ауқатын арттыру үшін ж а ғ д а й л а р ж а с а у ;

әкімшілік басқару жүйесін жетілдіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес; көлеңкелі экономика мөлшерін бағалау әдістерін жетілдіру және мемлекеттік органдардың осы проблема бойынша ақпарат алмасу саласында өзара іс-қимыл жасауы ;

салықтар мен төлемдер жинау, экономикадағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелерімен айналысатын органдардың материалдық базасын одан әрі нығайту; банк карточкалары арқылы тауарлар мен қызметтер үшін электронды есеп айырысу

жүйесін одан әрі жаппай енгізу және қолма-қол ақшасыз айналым жүйесінде жеке және заңды тұлғалар үшін тартымды жағдайлар жасау болуға тиіс.

Осымен бір мезгілде кірістерді мемлекет пен қалған экономика арасында бөлу тетіктері жетілдірілуге тиіс.

## **6. Көлеңкелі экономика мөлшерін қысқартудың мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған негізгі мақсаты кәсіпорындар мен жеке тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметін мемлекеттік реттеу мен бақылаудың экономикалық, заңнамалық және әкімшілік әдістерін жетілдіру жолымен экономиканың көлеңкеге кету себептерін азайту жөнінде жағдайлар жасау және елдегі бақыланбайтын экономиканың мөлшерін қысқарту болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр:  
экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын арттыру ;

кәсіпкерлікті дамыту жолындағы негізсіз кедергілерді алып тастауға және сыбайлас жемқорлықты қысқартуға бағытталған әкімшілік реформа жүргізу;

мемлекеттік органдар арасында ақпарат алмасу жолымен көлеңкелі экономиканың мөлшерін бағалау әдістерін жетілдіруді қамтамасыз ету;

бюджетке салықтар мен төлемдерді жинаумен, экономикалық қылмыстарды ашумен айналысатын органдардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейін көтеру ;

кірістерді мемлекет пен қалған экономика арасында бөлу жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру ;

экономиканың қолма-қол ақы төлеу нысаны басым салаларында көлеңкелі айналымды қысқарту және өзара есеп айырысудың өркениетті нысандарына көшу.

## **7. Мемлекеттік саясаттың көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқартуды қамтамасыз ететін міндеттерді шешу жөніндегі негізгі бағыттары**

### **Параграф 1. Экономиканың даму деңгейін және халықтың әл-ауқатын арттыру**

Экономиканың дамуы деңгейі мен халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ұзақ мерзімді кешенді экономикалық және әлеуметтік саясат Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17

мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығымен бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы сияқты елдің басты бағдарламалық құжаттарында айқындалған.

Бұл құжаттарды орындау Әлеуметтік-экономикалық дамудың және Фискалдық саясаттың орта мерзімді жоспарларын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын болды.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарларының 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған негізгі міндеттері:

1) макроэкономикалық саясат саласында:

2004-2010 жылдары экономиканың кемінде 8% орташа жылдық даму қарқынын қамтамасыз ету;

халық кірістерінің жылына кемінде 6% нақты өсуін қамтамасыз ету;  
орташа жылдық инфляция деңгейін 10%-дан аспайтын деңгейде қамтамасыз ету;

теңгенің бәсекеге қабілетті нақты айырбас бағамын қамтамасыз ету;

елдің төлем теңгерімінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;

негізгі капиталдың жалпы жинақтау нормасын 30%-дан аспайтын деңгейде қамтамасыз ету.

2) экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру саласында:

еңбек өнімділігін өсіру және материалдар мен энергияның үлес шығыстарын азайту есебінен тауарлар мен қызметтер өндірісінің көлемін ұлғайту үшін ынталандырушы жағдайлар жасау;

экономиканың өндірістік құрылымын әртараптандыру үшін ынталандырушы жағдайлар жасау;

инновацияларды дамыту есебінен қазақстандық экономиканың бәсекелік артықшылықтарын қамтамасыз ету;

жалақының өсуімен салыстырғанда еңбек өнімділігінің басып озуын қамтамасыз ету;

ауылдық кредиттік серіктестіктерді одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

ауылдық жерлердегі өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру нысандарын дамыту;

аутсорсингті кеңінен енгізу немесе өндірістік кооперацияны дамыту үшін жағдайлар мен ынталандырулар жасау;  
микрокредит беру жүйесін дамыту болуға тиіс.

3) халықтың әл-ауқатын арттыру және әлеуметтік саланы дамыту саласында: кедейшілік коэффициентін 16,1%-дан 2010 жылы 12%-ға дейін қысқарту үшін жағдайлар жасау;

2004 жылмен салыстырғанда зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылардың орташа жылдық мөлшерінің жылына кемінде 4 % нақты өсуін қамтамасыз ету; ең төменгі жалақы мен базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінің негізінде айқындау;

еңбекке қабілетті халықтың үй шаруашылығы қызметі саласынан өндірісті ұйымдастырудың неғұрлым жоғарғы нысанына көшуі үшін ынталандырушы жағдайлар жасау;

халықты өндірістік кооперативтерге, серіктестіктерге, шаруа қожалықтарына, қызметтер көрсету жөніндегі бюроға және т.б. біріктіру мақсатында оларға топтық микрокредиттер беруді қолдану саласын кеңейту;

кәсіби жұмысшы кадрларды экономиканың өскелең қажеттіліктерін қамтамасыз ететін мөлшерде даярлау мен қайта даярлауды қамтамасыз ету, жұмыссыздарды бос жұмыс орындары туралы ақпаратпен қамтамасыз ету және оларға психологиялық қолдау көрсету үшін жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың жанынан кәсіптік бағдар беру және қайта даярлау жөніндегі жұмысты жандандыру.

Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттарында айқындалған міндеттерді шешу экономикалық өсу қарқынын сақтауға және ұлғайтуға, халықтың кірісін және жұмыспен қамтылуын арттыруға, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін көтеруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл елдегі көлеңкелі экономиканың мөлшерін азайтуға оң әсерін тигізеді.

Құрылыстағы көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі негізгі бағыттар мыналар:

1) құрылыс стандарттарын және жол салу мен жол жабындыларын жөндеу жөніндегі стандарттарды (құрылыс жұмыстарының немесе оған жұмсалған шығындардың көлемін шамадан тыс көбейту, негізсіз алшақтықтарға жол беру) сақтамағаны үшін құрылысшыларға және бақылаушы органдарға қатысты бақылау мен тәртіпті күшейту (материалдық және қылмыстық жауапкершілік жазалары түрінде);

2) өңірлер (құрылыс жүретін жер) үшін белгіленген түзету коэффициенттерін ескере отырып, құрылыстың, еңбекті қажетсінудің, негізгі құрылыс материалдары шығысының сметалық құнының нормативтік үлес көрсеткіштеріне сәйкес келетін негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері бар жобалар бойынша қуаты (сыйымдылығы, өткізу қабілеті) аз мемлекеттік әлеуметтік тұрғын үй, мемлекеттік жалпы білім беру, денсаулық сақтау және халықтың бұқаралық дене тәрбиесі

объектілерін салуды жүзеге асыру;

3) өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс объектілерінің қауіпсіздігі бойынша мемлекеттік қадағалауды күшейту.

Сауда саласы статистикалық қадағалаудан және салықтық әкімшілендіруден жасырылған өнімдер мен кірістерді қолма-қол ақшаға айналдыру көзі болып табылады.

Еркін бәсекелестік жағдайларында елде сауданың әртүрлі нысандары бар: көшедегі; базардағы; ұсақ сауда орындары; мамандандырылған орташа дүкендер, супер- және гипермаркеттер. Көбінесе, жасырылған экономика көшедегі ұсақ және бөлшек сауда жүйелерінде көрініс береді, өйткені бұл құрылымдарды кірістерді "жасыру" үшін пайдалану оңай.

"Қапшықтық сауда" жүйесі сауда саласындағы көлеңкелі экономика құрамының маңызды бөлігін құрайды, ол жалған және контрафактілік өнім өндірудің дәстүрлі түрде дамыған жүйесі бар елдерден сапасы күмән туғызатын тауарларды әкелу мен сатуды, сондай-ақ отандық осыған ұқсас өнім өндірушілердің өнімдерін сатуды қамтиды.

Сауда саласындағы көлеңкелі экономиканы азайту жөніндегі негізгі бағыттар мыналар:

Қазақстан Республикасында арнайы бажсыз сауда аймағын құру, ол өндірілуі мен сапасы күмән туғызатын тауарлар үшін шетелдік сапарлар жасауды орынсыз еткен болар еді;

қоғамда танымал сауда белгісі бар тауарларды сатудың бәсекеге қабілетті отандық жүйесін дамытуды ынталандыру;

тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі институтты нығайту.

## **Параграф 2. Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесін және басқарудың әкімшілік жүйесін жетілдіру**

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мемлекеттің экономикалық негізін нығайту, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және сайып келгенде, мемлекеттік қауіпсіздікті нығайту арнасында жүргізіліп отыр.

Алайда экономикалық қызметтің жүзеге асырылуын мемлекеттік реттеу мәселесі негізгі проблема болып табылады.

### **Салықтық әкімшілендіруді жетілдіру**

Көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі жұмыстың жемісті болуы көп жағдайда салықтық әкімшілендіруді жетілдіру жөніндегі шаралардың пәрменділігіне байланысты болады. Бұл бағыттағы іс-шараларды іске асыруға арналған

шығындар қаржылық жағынан өтелмейтін болса да, оларды іске асыру қажет. Бұл жағдайда, халықтың жалпы тәртіптілігінің артуы ұзақ мерзімді перспективада көлеңкелі экономика мөлшерін қысқартудың ұзақ мерзімді және ең тиімді тәсіліне айналады.

Мыналар :

жеке тұлғалардың кірістерін жаппай декларациялауға кезең-кезеңмен көшу;  
салық төлеушілермен жұмыс істейтін бірыңғай орталықтар салу;  
"Акциз" ақпараттық жүйесін енгізу;  
ақпараттық жүйелер арасында экспорт-импорт операцияларын бақылау жөніндегі электронды деректермен алмасуды қамтамасыз ету;  
желілік маркетингпен айналысатын тұлғаларды салықтық әкімшілендіруді күшейту;

салық есептілігінің нысандарын оңтайландыру жөніндегі жұмысты одан әрі жалғастыру салықтық әкімшілендіруді жетілдіру саласындағы негізгі іс-шаралар болып табылады.

### **Кедендік рәсімдерден өту процесін жетілдіру саласында**

Бұл үшін :

республиканың кеден шекарасында кешенді бақылауды жүзеге асыруға қабілетті бірыңғай бақылау-өткізу пункттерін салуды, кеден бекеттері пункттерін халықаралық талаптарға сәйкес қайта жаңғыртуды жүзеге асыру;

кедендік төлемдерді жедел жүргізу және оларды төлеу тәсілдерін оңайлату мақсатында тауарларды Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің шекаралары арқылы алып өту кезінде микропроцессорлық пластикалық карталарды пайдалану;

тәуекелдерді (тәуекелдер көрсеткіштері, оларды пайдалану өлшемдері) бағалау шаралары жүйесін негізге ала отырып, кедендік бақылау стратегиясын әзірлеумен "Электрондық кеден" ақпараттық жүйесін әзірлеу және енгізу;

кеден ісін жетілдіру және кеден брокерінің қызметін "қосарланған лицензиялауды" жою мақсатында кеден брокерін лицензиялауды алып тастау;

халықаралық стандарттарға жақындату үшін кеден ісі саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;

кедендік әкімшілендіруді жетілдіру, кедендік рәсімдерді оңайлата отырып, оларды сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін неғұрлым ашық әрі түсінікті ете отырып, кедендік бақылау әдістері мен нысандарының тиімділігін арттыру, бұл өз кезегінде олар үшін қолайлы жағдайлар жасайды;

өңірлік бірлестіктер шеңберінде шекаралас мемлекеттердің кеден қызметтерімен өзара іс-қимылды жандандыру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту қажет.

## **Әкімшілік заңнаманы және экономикалық қызметті жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін жетілдіру**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың нормаларын қолдану мазмұны жағынан неғұрлым көлемді әкімшілік кедергілердің бірі болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексін қабылдау әкімшілік заңнаманы ырықтандыру фактісі болған жоқ, керісінше, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде туындайтын қоғамдық-құқықтық қатынастар жағдайларының барынша катаюына алып келді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жаңа нысандарын туындатты, бұл, сондай-ақ кәсіпкерлерге тәрбиелік әсер етудің төмендеуіне әкел соқты.

Соңғы уақытта кәсіпкерлікті бақылау-қадағалаулық реттеу жүйесінде ведомстволық және өңірлік деңгейлерде Әкімшілік кодекс нормаларын өзгеше түсіндіру және негізсіз жоғарылатылған айыппұл санкцияларын қолдану жағдайлары орын алып отыр.

Республикадағы кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін және сыбайлас жемқорлық деңгейін жоғарылататын мұндай жағдаяттар "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін негіздейді.

Құқық бұзушылықтар бойынша жауапкершілік шарасының тиімділігі мен объективтілігін арттыру үшін әкімшілік басқаруды жетілдіру жөніндегі жұмыс шеңберінде әкімшілік заңнаманы және кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу жүйесін қайта қарауды жүзеге асыру, бұзушылықтардың түрлеріне қарай айыппұл мөлшерін бірдей мөлшерде бөлу қағидаты бойынша дәл ажырату және айқындау қажет.

2005 жылы "Жеке кәсіпкерлік туралы" заң жобасын қабылдау және сонымен бір мезгілде кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі қолданыстағы заңнамалық актілерді жаңа заңға сәйкес келтіру, сондай-ақ Әкімшілік кодексінде мынадай ережелерді бекіту және көздеу:

айыппұлдар мөлшерін (жаза түрлерін) кәсіпкерлік субъектілерінің шағын, орта және ірі бизнес санатына жататынына, бизнес ауқымына, бұзушылықтардың сипатына және оны жасаған кездегі жағдаяттарға қарай белгілеу;

әкімшілік айыппұлдар мөлшерінің диапазондарын қысқарту; әрекеттерді (құқық бұзушылықтарды) бірінші рет жасаған адамдар үшін ең төменгі айыппұл мөлшерін және алғашқы жазаны ескерту түрінде белгілеу;

мемлекеттік органдардың шаруашылық субъектілерін бақылау-қадағалау қызметі жөніндегі нормативтік құқықтық базаны мемлекеттік бақылаушы органдардың кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді тек заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асыруы қағидаты бойынша қайта қарау және жүйелендіру;



бақылау-қадағалау органдарының шаруашылық субъектілеріне тексеріс белгілеу негіздемелерінің толық тізбесін және превентивтік жазалау шараларының дәйектілігін заңнамамен бекіту жоспарланып отыр.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске бақылау-қадағалау жүйесін, сондай-ақ шағын, орта және ірі бизнес үшін айыппұлдар салу және оның мөлшерін айқындау тәртібін қайта қарау мен жетілдіруге қатысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу әкімшілік кедергілерді жоюға, жасалатын бұзушылықтар санын азайтуға және сыбайлас жемқорлықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлік үшін рұқсат беру рәсімдері жүйесін жетілдіру көлеңкелі экономиканың мөлшерін азайтудағы маңызды фактор болып табылады.

Бұл ретте, рынок субъектілері экономикалық қызметті жүзеге асыруы үшін мемлекеттік реттеу түрлерін - біржолғы лицензиялар беруді (рұқсат алудың оңайлатылған рәсімі), лицензиялауды, мемлекеттік монополияны, сертификаттауды, стандарттауды, аккредиттеуді айрықша бөліп көрсеткен жөн.

Мемлекеттік реттеудің бұл секторында (рұқсат беру жүйесінде) рұқсат беру рәсімдерінің бұлыңғырлығы, заңнамалық және заңға тәуелді актілердің күрделі және кейде шатастырылған нормалары байқалады.

## **Мемлекеттік монополия**

Мемлекеттік монополия саласы бүгінгі таңда 7 заңмен реттеледі, бұл ретте заңнамада бекітілген "мемлекеттік монополия" ұғымын заңнамалық тұрғыдан бекіту болмай отыр. Осы заңнамалық актілерге сәйкес, мысалы, ветеринариялық препараттардың республикалық қорын сақтау, жекелеген тауарларды әкету және (немесе) әкелу және т.б. сияқты 8 қызмет түрі ғана мемлекеттік монополияның айрықша саласына жатқызылған. Егер жекелеген түрлер бойынша мемлекеттік монополияның қажеттігі айқын болса, мысалы, өнеркәсіптік меншік объектілерін күзету сияқты жекелеген түрлер бойынша ол күмән туғызады. Сондай-ақ, мемлекеттік органдар деңгейіндегі жекелеген қызмет түрлері бойынша мемлекеттік монополизмнің ұлғайып отырғанын және мемлекеттік тапсырысты ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындар ғана орындайтынын атап өту қажет.

Мемлекеттік монополия саласында қандай да бір қызмет түрін мемлекеттік монополияға жатқызуды заңнамалық түрде айқындау қажет.

## **Лицензиялау**

Лицензиялау жүйесіндегі негізгі проблемалар:

заңға тәуелді актілер деңгейінде жұмыстар мен қызметтердің лицензияланатын түрлерінің көлемді тізбесі және олардың едәуір кеңейтілуі, ол іскерлік белсенділік пен

кәсіпкерлік бастаманың өсуіне кедергі келтіреді;  
лицензиялауға жататын жұмыстар мен қызметтердің барлық дерлік түрлерін (89%)  
лицензиялауды орталық органдар жүзеге асырады;  
заңға тәуелді актілер деңгейінде лицензиялар берудің тәртібі мен рәсімдерін  
күрделендіру фактілерінің орын алуы, лицензиялаудан кейінгі бақылаудың реттелмеуі;  
лицензия беруді де, кейінгі лицензиялық қызметті де негіздейтін қосымша рұқсат  
беру жүйесінің (рұқсаттар, қорытындылар және келісулер) болуы.

Лицензиялау саласында тура әрекеттегі заңнамалық акт болатын "Лицензиялау туралы" сапалы жаңа Заң әзірлеу қажет, оның шеңберінде лицензияланатын қызмет түрлерінің салалық заңнамалық актілерде қамтылу және қайталану мүмкіндігін болдырмайтын, лицензиялау саласындағы заңнаманы бірыңғай түсіндіруді және біріздендіруді қамтамасыз ететін толық тізбесі беріледі.

О н д а :

- 1) лицензиялау саласындағы мемлекеттік функцияларды дәл регламенттеу;
- 2) "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын ескере отырып, лицензиар органдардың лицензиаттарға тексеру жүргізу мәселесі бойынша преференциялар құру;
- 3) "жалғыз терезе" қағидатын енгізу көзделеді.

Бұл ретте, қаржы рыногындағы қаржы ұйымдарының қызметін лицензиялау тәртібі, банк, сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар рыногындағы қызмет және зейнетақы қызметтері туралы заңнамалармен реттеледі.

## **Бейресми еңбекпен қамтылуды төмендету жөніндегі бағыттар**

Қазіргі уақытта экономиканың құрылыс, ауыл шаруашылығы сияқты кейбір салаларында тіркеу, тұру және азаматтық ережелерін бұза отырып, шетелдік жұмыс күшін заңсыз пайдалану кең етек алып отырғандығын атап өткен жөн.

Бұл жұмыс берушілерді салық төлемеуге, көлеңкелі кірістер алуға, еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігі туралы ережені сақтамауға итермелейді және отандық білікті кадрлар даярлауға алғы шарттар жасалмайды.

Қазақстан Республикасы экономикасының салаларында пайда болған білікті кадрлардың жетіспеушілігі елдің индустриялық-инновациялық дамуына кедергі келтіретін факторға айналуы мүмкін.

Оның үстіне, ел экономикасының жоғары даму қарқыны жағдайында Қазақстандағы қазіргі демографиялық ахуал да салаларды еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтінін ескеру қажет.

Осыған байланысты, сондай-ақ формальды емес жұмыспен қамтуды және заңсыз көші-қонды анықтау үшін 2005-2006 жылдары осы Бағдарлама шеңберінде:

Ең б е к      к о д е к с і н      қ а б ы л д а у ;

Қытаймен, сондай-ақ Тәуелсіз мемлекеттер достастығы шеңберінде еңбек көші-қонын реттеу жөніндегі халықаралық шарттарға қол қою; еңбекке сағат бойынша ақы төлеуді, жеке және сараланған жалақы мүмкіндігін е н г і з у ;

еңбек жағдайларының (жұмыс ұзақтығы мен уақытының, қоса атқаруға қосымша жұмыс алу мүмкіндігінің және т.б.) икемді режимін ұсыну ұсынылып отыр.

С о н д а й - а қ :

қолданыстағы мемлекеттік бақылау-қадағалау функцияларын қайта қарау және оңтайландыру әрі заңды бизнес жүргізудің барынша оңайлатылған рәсімдерін жасау; автомобиль тасымалдарын бақылау жөніндегі "бірыңғай аялдама" қағидатын іске асыру үшін шекарадағы өткізу пункттеріндегі бақылаушы органдарды көшіру; негізгі көлік бағыттарындағы көліктік бақылау бекеттерінің оңтайлы санын айқындай отырып, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль тасымалдарын бақылау жүйесін жетілдіру.

## **Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі бағыттар**

Азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қызметтерге еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету, халықтың шенеуніктермен байланысын азайту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жолын кесу және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру мақсатында 2005-2007 жылдары Қазақстан Республикасында "Электронды үкімет" қалыптастыру жүзеге асырылады. Жүйені енгізу ұйымдар мен халықтың шенеуніктермен байланыс жасауын оңайлатады және сыбайлас жемқорлық мөлшерін азайтады.

Жақын арадағы перспективада мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесін жетілдіруге және мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға, оның ішінде: мемлекеттік қызметшілер мен бюджет саласының қызметкерлері жалақысының басқа салалардағы жалақымен бәсекелесу қабілетін қамтамасыз етуге; мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту үшін орталық және жергілікті билік органдарының функциялары мен өкілеттіктерінің аражігін нақты ажыратуға; мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалау жүйесін әзірлеуге; экономика салалары мен ел кәсіпкерлерінің бірлескен пікірі мен ұстанымдарын білдіретін үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктердің құқықтылығын күшейтуге және арттыруға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асырған орынды. Алайда, бұл ретте, қоғамдық бірлестіктер қандай да бір сала кәсіпорындарының мүдделерін олармен нақты жұмыс істеудің айқын және негізделген схемасын иелене отырып білдіруі тиіс. Мұндай бірлестіктердің бағдарламасы оған кіретін кәсіпорындар өкілдерінің арасынан құрылған қоғам мүшелерінің жалпы жиналысында мақұлданған ұсыныстарды білдіруге т и і с .

"Мемлекеттік сектордан - қоғамдық, жеке меншік секторға" қағидатын іске асыру мемлекет пен Қазақстанның қоғамдық бірлестіктері арасындағы әріптестік байланыстарды дамытудың және нығайтудың бастамасы болады.

### **Параграф 3. Көлеңкелі қолма-қол ақша қаражаты айналымының мөлшерін қысқарту жөніндегі бағыттар**

Төлемдерді бөлшек сауданың кез келген саласында жүзеге асыруға мүмкіндік беретін төлем карточкасы тұтынушылардың түрлі бөлшек рыноктарында айналыстағы қолма қол ақша массасының елеулі көлемін қолма-қол емес нысанға ауыстыру үшін барынша шынайы төлем құралы болып табылады. Қолма-қол ақшамен операция жасауды бақылаудың тиімділігі аз болса, төлем карточкаларымен жасалатын барлық операциялар тіркеледі және банк жүйесіндегі карт-шоттарда көрсетіледі.

Қазіргі уақытта қолма-қол ақша айналысының ауқымды көлемі және қолма-қол ақшамен жасалатын ұсақ төлемдердің негізгі ағыны сауда мен қызметтер саласына келеді. Сауда мен қызметтер саласында төлем карточкалары кеңінен пайдаланыла бастауы үшін оларды қабылдаудың сауда мен сервистің әр қилы пункттерін қамтитын әр жердегі және қол жетімді желісін құру қажет. Алайда, практика көрсеткендей, барлық сауда және сервис (әсіресе шағын) кәсіпорындарында карточкаларды қабылдауды ынталандыру - бірнеше банктің өзі шеше алмайтын міндет. Оны тиімді шешу үшін ынталандыру шараларының кешенді бағдарламасын жүзеге асыру жолымен қолма-қол емес төлемдер жүйесін төлем карточкаларын пайдалана отырып дамытудың алғышарттарын мемлекет қана қамтамасыз ете алады.

Қазақстандағы сауда, көлік, қызметтер саласының төлем карточкалары жүйесінің негізгі қатысушылары бола алатын ұйымдары шағын және орта бизнестің айналасына шоғырланған. Бұл ұйымдардың тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) төлем карточкалары арқылы қолма-қол емес есеп айырысу жолымен сатуға көшуі үшін жеңілдіктер беру, көтермелеу шаралары және қолайлы жағдайлар жасау түріндегі мемлекеттің белгілі бір ынталандыру шаралары қажет. Сауда мен сервис кәсіпорындарын төлем карточкаларын қабылдауға тарту және оларға қызмет көрсетудің тармақталған инфрақұрылымын құру халық үшін төлем карточкаларының тартымдылығын қамтамасыз етеді және оларды күнделікті тұрмыста кеңінен пайдалануға қажетті жағдайлар жасайды.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, автоматтандырылған қолма-қол емес есеп айырысу жүйелерін - электронды төлемдердің "бөлшек" жүйелерін одан әрі дамыту мақсатында:

төлем карточкаларын қабылдау желілерін (банкоматтар мен POS-терминалдарды) кеңейту;

ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдайтын сауда және сервис кәсіпорындары

желісін елдің барлық өңірлерінде қатар дамыту;  
төлем карточкалары бойынша дәстүрлі банктік, сондай-ақ қосымша қызметтердің  
барынша көп санын көрсету;  
төлем құралдарының жаңа тиімді түрлерін енгізу және дамыту;  
банктердің электронды банктік қызметтердің жаңа түрлерін көрсетуін одан әрі  
дамытуға жәрдемдесу;  
телекоммуникациялық қызметтерді дамыту: байланыс желісінің тұрақтылығы мен  
сенімділігін арттыру, сондай-ақ телекоммуникациялық қызметтердің құнын төмендету  
қажет.

Қолма-қол емес айналым жүйесін дамыта отырып, біз жаңа тұтыну мәдениетін және экономикалық өмірдің жаңа стандарттарын қалыптастыруға ықпал етіп қана қоймай, елдің қаржы жүйесін жетілдіруге белсенді түрде көмектесеміз, оны әлемдік жеделдік пен ашықтық стандарттарына сәйкес келтіруге жәрдемдесеміз.

#### **Параграф 4. Көлеңкелі экономика мөлшерін бағалау әдістерін жетілдіру**

Экономикалық саясаттың көлеңкелі экономиканы есепке алу әдістерін жетілдіру саласындағы басты бағыттары:

экономикалық процестерді есепке алу мен бағалаудың тікелей және жанама әдістерін жетілдіру;

барлық макроэкономикалық көрсеткіштердің өндіріс және тауарлар мен қызметтерді тұтыну көрсеткіштерімен қисынды байланысуына талдау жүргізу;

көлеңкелі экономика мөлшерін бағалаған кезде салықтар мен төлемдерді жинаумен, сондай-ақ экономикалық құқық бұзушылыққа қарсы күреспен айналысатын ведомстволардың ақпаратын ескере отырып, кешенді тәсілді пайдалану;

көлеңкелі экономиканың ауқымын есепке алудың және бағалаудың халықаралық практикада қолданылатын қазіргі заманғы техникалық құралдары мен әдістерін пайдалану;

құқық белгілейтін және құқық растайтын құжаттарға сәйкес жерлердің мәртебесін белгілеу мақсатында оларға түгендеу жүргізу және заңсыз пайдаланылатын жерлерді алып қою жөнінде ұсыныстар енгізу;

рыноктық айналымға тартылған жерді бағалаудың бірыңғай стандарттарын әзірлеу; өнімнің ұтымды пайдаланылуын бақылауды күшейту мақсатында көмірсутек шикізатын өндіру және қайта өңдеу саласында минералдық ресурстарды бастапқы кезеңнен тұтынушыға дейін есепке алу және мониторингтеу жөніндегі ұйымдастыру шараларын жетілдіру;

орман және балық ресурстарын пайдалануды есепке алуды жетілдіру; мал шаруашылығы саласындағы және ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу саласындағы есепке алуды жетілдіру;

экономиканың қолма-қол есеп айырысу басым салаларындағы есепке алуды ж е т і л д і р у ;

ауылдық статистиктер институтын күшейту және оларды техникалық қамтамасыз е т у ;

ауыл шаруашылығы санағын ұйымдастыру және жүргізу болып табылады.

Жұмыстың осы бағыттарының бәрі Мемлекеттік статистиканы жетілдіру бағдарламасында көрініс табуға тиіс.

### **Параграф 5. Салық пен бюджетке төленетін төлемдерді жинаумен, экономикалық қылмыстарды ашумен айналысатын органдардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейін арттыру және жұмысын жетілдіру**

Экономика саласындағы құқық бұзушылыққа қарсы тиімді әрекет ету шараларының жүйесін одан әрі қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1401 қаулысымен Қазақстан Республикасында экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

### **Экономикалық құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды ашу жөніндегі жұмыс әдістерін жетілдіру**

2005-2007 жылдары экономикалық құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды ашу жөніндегі жұмыс әдістерін жетілдіру жөніндегі, сондай-ақ елдегі экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күреске бағытталған шаралар мен іс-шараларды, сондай-ақ көрсетілген бағыттағы практикалық қызметті іске асыру қабылданған Қазақстан Республикасында экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Бұл Бағдарлама экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы тиімді күрес жүргізуге арналған нормативтік құқықтық, әдістемелік және ақпараттық базаны жетілдіруге, экономикалық қылмыстарға қарсы күрес жүргізетін органдар қызметінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністері мен өзге де бұзушылық түрлерін азайту жөніндегі жұмысты одан әрі жалғастыруға және осы бағытта бірлескен іс-шаралар жүргізуге бағытталған.

Қазақстанның қаржы жүйесін қылмыстан түсетін кірістерді жылыстататын тұлғалардың пайдалануын болдырмау, сондай-ақ көрсетілген бағыттағы оқиғалар мен олардан туындайтын салдарлардың алдын алу мақсатында 2005-2006 жылдары ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету жүйесін құру

Алға қойылған міндетті іске асыру үшін: заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету туралы заң жобасын әзірлеу және қабылдау; қаржы мониторингін жүргізуге уәкілетті мемлекеттік орган құру жоспарланып отыр.

## **Материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейін арттыру**

Әлемдік тәжірибе салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді жинаумен, экономикалық қылмыстарды ашумен айналысатын органдардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін нығайту Үкіметтің басым міндеттерінің бірі болып табылатынын көрсетеді. Аумақтары ауқымды, халық тығыздығы төмен, кейбір өңірлерінде қатты жабын төселген жолдары жоқ Қазақстанда бұл проблема аталған органдардың өз қызметтік функцияларын қамтамасыз етуіндегі басты проблемалардың бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді жинаумен, экономикалық қылмыстарды ашумен айналысатын әрбір орган өзінің материалдық-техникалық базасын салалық және бюджеттік бағдарламаларға сәйкес нығайту үстінде. Бюджеттік өтінімдерді ұсыну процесінде осындай мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейі егжейлі-тегжейлі зерделенеді. Әдетте, кеден бекеттерін дамыту, шекараны жайластыру, компьютерлендіру мәселелері басымдылық тәртібімен шешіледі.

Су, орман ресурстарын қорғаумен айналысатын табиғат қорғау бөлімшелерін, сондай-ақ мемлекеттік шекараның жайластырылмаған учаскелерінен тауарлар контрабандасының және заңмен тыйым салынған есірткі мен қару-жарақтың өткізілуі нысанасына бақылау жасайтын бөлімшелерді материалдық-техникалық қамтамасыз етуді күшейту қажет екендігі даусыз.

## **Параграф 6. Салық салу жүйесін жетілдіру**

Салықтық режимді жетілдірудің негізгі бағыттары мыналар: амортизациялық саясатты жетілдіру; шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация негізінде арнайы салықтық режимді қолдану аясын кеңейту; сату жөніндегі ең төменгі айналым мөлшерін ұлғайту, одан асып кеткен жағдайда салық төлеуші қосылған құн салығы бойынша есепке тұруға міндетті.

Елдегі ескірген негізгі қорларды жанартуды ынталандыру қажеттігін ескере отырып, 2006 жылдан бастап амортизациялық аударымдарды есептеудің және жөндеуге

арналған шығыстарды шегерімдерге жатқызудың жаңа әдісіне көшу ұсынылып отыр.

Ұсынылып отырған тәртіп тіркелген активтерді жіктеуді оңайлатады, соның нәтижесінде амортизациялық аударымдарды есептеу және есепке алу тетігі жеңілдейді. Сондай-ақ, амортизацияның шекті нормалары мен жөндеуге арналған нормалар ұлғаяды, бұл амортизациялық аударымдар мен жөндеуге арналған шегерімдерді ұлғайтуға алып келеді.

Тіркелген активтер амортизациясы тетігіндегі бұл өзгерістер оларды жаңғыртуды жеделдетуге мүмкіндік береді және өз кезегінде корпорациялық табыс салығы бойынша міндеттемелерді азайтуға ықпал етеді.

Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация негізінде арнайы салықтық режимді қолдану аясын кеңейту мақсатында:

жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін мүмкін болатын жалдамалы жұмыскерлердің санын ұлғайту;

жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін шекті кіріс сомасын ұлғайту көзделеді.

Бұдан басқа, сату жөніндегі ең төменгі айналым мөлшерін 12000 есе айлық есептік көрсеткіштен 15000 есеге дейін ұлғайту да көзделеді, одан асып кеткен жағдайда салық төлеуші қосылған құн салығы бойынша есепке тұруға міндетті.

Көлеңкелі экономиканы қысқарту процесі мемлекет пен бизнестің бірлескен іс-қимылын талап етеді. Салықтық жүктемені азайтуға жауап ретінде "көлеңкеден" едәуір шығу ғана салық салу деңгейін азайту жөнінде келесі қадамдар жасауға мүмкіндік береді. Салықтық жүктемені бизнестің реакциясынсыз біржақты тәртіппен азайту бюджет тапшылығының ұлғаюына әкеп соғады.

Соңғы жылдары Қазақстанда салық ставкаларын азайтудың мақсатты саясаты жүргізілуде, дегенмен, көлеңкелі өндірісті қоса алғанда, салықтарды төлемегені үшін жауапкершілік жеткілікті түрде қатаң емес, ең қатаң шара айыппұл төлеу болып табылады. Осыған байланысты, жақын арада кірістерді салық салудан жасыруға қарсы шараларды қатаңдату қажет.

Салықтық жүктемені азайту, салықтық әкімшілендірудің рөлін күшейту саясатын жүргізумен бір мезгілде үкіметтік емес ұйымдар жүйесі арқылы салық төлеушілердің мемлекеттік шығыстарды қалыптастыруға белсенді түрде қатысу үшін кеңінен тартылуын қамтамасыз ету қажет. Сол арқылы, қоғамдық ұйымдар өздерінің мемлекеттің фискалдық шығыстарын қалыптастыруға қатысуымен, өздері төлеп отырған салықтардың ел пайдасына, оның ішінде инфрақұрылым объектілері, олардың рентабельді қызметі үшін тарифтерді қолдау арқылы өздерінің негізгі қызметінің жұмыс істеу жағдайларын жақсарту үшін қалай жұмыс істеп жатқанын сезіне алады.

## **8. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері**





Р / с N	Ис-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге)	Қаржы- ландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
<b>Лицензиялау</b>						
1	Тікелей әрекет ететін "Лицензиялау туралы" жаңа редакциядағы заң жобасын әзірлеу олардың салалық заңнамалық кесімдерде қамтылу және қайталану мүмкіндігін болдырмайтын, Лицензияланатын қызмет түрлерінің бірыңғай толық және дәл регламенттелген тізбесін белгілеу; "жалғыз терезе" қағидатын енгізу (бұл ретте, аталған қағидат қаржы рыногындағы қаржы ұйымдарының қызметін лицензиялау тәртібіне қатысты қолданылмайды); лицензиялау саласындағы мемлекеттік органдардың функцияларын дәл регламенттеу; лицензиаттарды тексеруді жүзеге асыру бойынша преференциялар құру ("Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын ескере отырып)	"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ЭБЖМ (жинақ - тау), мүдделі мемлекеттік органдар	2005 жыл I V тоқсан		
<b>Сәйкестікті растау</b>						
2	Құрылыс стандарттарын және жол салу мен жол жабындыларын жөндеу жөніндегі стандарттарды сақтамағаны үшін (жұмыстар көлемін немесе құрылыс шығындарын шамадан тыс көбейту, негізсіз алшақтықтарға жол беру жер) құрылысшыларға және бақылаушы органдарға қатысты бақылау мен тәртіпті күшейту (жаза-	ЭБЖМ-ге ақпарат	К К М (жинақ - тау), мүдделі мемлекеттік органдар	Жыл сайын, 5 қаңтар, 5 шілде		

	лау, материал-дық және қылмыстық жауапкершілік түрінде)					
3	Өңірлер (құрылыс жүретін жер) үшін белгіленген түзету коэффициенттерін ескере отырып, құрылыстың, еңбекті қажетсі-нудің, негізгі құрылыс материалдары шығысының с м е т а -лық құнының нормативтік үлес көрсеткіш-теріне сәйкес келетін негізгі техникалық-эко-номикалық көрсеткіштері бар жобалар бойынша қуаты (сыйымдылығы, өткізу қ а б і л е т і) аз мемлекеттік әлеуметтік тұрғын үй, мемлекеттік жалпы білім беру, денсаулық сақтау және халықтың бұқаралық дене тәрбиесі объектілерін салуды жүзеге асыру	ЭБЖМ-ге ақпарат	ҚІЖТҚША, мүдделі мемле-кеттік органдар	Ж ы л сайын, 5 қаңтар, 5 шілде		
4	Тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі институтты нығайту	ЭБЖМ-ге ақпарат	ИСМ, мүдделі мемлекет-тік органдар-мен бірге	Ж ы л сайын, 5 қаңтар, 5 шілде		
5	(алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.10.14 N 942 Қаулысымен)					
<b>Кедендік әкімшілендіруді жетілдіру</b>						
6	Республиканың кеден шекарасын-да кешенді бақылауды жүзеге асыруға қабілетті бірыңғай бақылау-өткізу пункттерін салу, бақылаушы органдардың тексеру жүргізу мерзімдерін қысқарту үшін өткізу б е к е т т е р і пункттерін халықаралық талаптарға сәйкес қайта жаңарту	ЭБЖМ-ге ақпарат	Қаржы-мині, ККМ мүдделі мемлекет-тік органдар-мен бірге	2006 жыл 5 қаңтар, 5 шілде		
	Тәуекелдерді (тәуекелдер көрсеткіштері, оларды қолдану өлшемдері) бағалау шаралары жүйесін негізге		Қаржы-мині, министр-	Ж ы л сайын, 5 қаңтар,		

7	ала отырып, кедендік бақылау стратегиясын әзірлеумен "Электрондық кеден" ақпараттық жүйесін құру және енгізу	ЭБЖМ-ге ақпарат	ліктер мен ведомстволар (келісім бойынша)	5 шілде (2006-2007 жылдар)		
<b>Салықтық әкімшілендіруді жетілдіру</b>						
8	Жеке тұлғалардың кірістерін жаппай декларациялауға кезең-кезеңмен көшу	Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ВАК-қа ұсыныстар	ЭБЖМ (жинақ - тау), Қаржымині	2010 жыл		
9	"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу: Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация негізінде арнайы салықтық режимді қолдану аясын кеңейту; Сату жөніндегі ең төменгі айналым мөлшерін ұлғайту, асып кеткен жағдайда - салық төлеуші қосылған құн салығы жөніндегі есепке тұруға міндетті	"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ЭБЖМ (жинақ - тау), Қаржымині	2005 жыл IV тоқсан		
10	Желілік маркетингпен айналысатын тұлғаларды салықтық әкімшілендіруді күшейту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қаржымині	2006 жыл IV тоқсан		
11	Амортизациялық саясатты жетілдіру	"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан	ЭБЖМ (жинақ - тау), Қаржымині	2005 жыл IV тоқсан		

		Республикасы Заңының жобасы				
12	Ақпараттық жүйелер арасында экспорт-импорт операцияларына бақылау жасау бойынша электронды дерек алмасуды қамтамасыз ету	Бірлескен бұйрық	Қаржымині (жинақтау), ИСМ, ҰБ (келісім бойынша)	2006 жыл		
13	Салық төлеушілермен жұмыс істеу жөніндегі бірыңғай орталықтар құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қаржымині	2006 жыл		
14	"Акциз" ақпараттық жүйесін енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қаржымині	2005 жылғы IV тоқсан		
15	Еркін (бажсыз) сауда аймақтарын дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИСМ	2005 жылғы IV тоқсан		
16	Экономика салаларындағы көлеңкелі экономикалық қызмет түрлерін айқындау жөнінде зерттеулер жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп, ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), ИСМ, АШМ, ККМ, ЭМРМ, БҒМ, СА, "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша)	Жыл сайын, 25 ақпан		
<b>Экономикалық қызметті жүзеге асыруды регламенттейтін мемлекеттік рұқсат беру жүйесін жетілдіру</b>						
17	Негізгі көлік бағыттарындағы көліктік бақылау бекеттерінің оңтайлы санын айқындай отырып, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль тасымалдарын бақылау жүйесін жетілдіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ККМ (жинақтау), ПМ	2005 жыл IV тоқсан		
18	Қытаймен, сондай-ақ ТМД шеңберінде еңбек көші-қонын реттеу жөніндегі халықаралық шарттарға қол қоюға дайындалу	Халықаралық шарттардың жобалары	Еңбекмині (жинақтау), ПМ, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	2006 жыл II тоқсан		

19	Шағын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің кооперациясын дамыту	"Жеке қосалқы шаруашылық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	АШМ	2005 жыл IV тоқсан		
20	Ауылдық кредиттік серіктестіктерді одан әрі дамыту	"Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	А Ш М (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2006-2008 жылдар I V тоқсан		
<b>Мемлекеттік басқару органдарының кәсіпқойлығы мен жауапкершілігін арттыру</b>						
21	Қазақстан Республикасында "Электрондық үкімет" құру	"Электрондық үкімет" инфрақұрылымы	АБА (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2005-2007 жылдар		
22	Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалаудың рейтингілік жүйесін әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ЭБЖМ (жинақтау), МҚА (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	2006 жыл I V тоқсан		
23	Экономика салаларының және ел кәсіпкерлерінің бірлескен пікірі мен ұстанымдарын білдіретін үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктердің құқықтылығын арттыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	И С М (жинақтау), қоғамдық бірлестіктер	2005 жыл I V тоқсан		
24	Өңірлердегі кәсіпкерлік субъектілері арасында түсіндіру, насихат-ақпараттық және консультациялық жұмыс жүргізу	ЭБЖМ-ге ақпарат	ИСМ (жинақтау), қоғамдық бірлестіктер, облыстардың әкімдері	Жыл сайын, 5 қаңтар, 5 шілде		
<b>Мемлекеттік шығыстарды әкімшілендіруді жетілдіру</b>						
	Жергілікті бюджеттерде ТМҚКК (тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін) көрсетуге қажетті	"Республикалық бюджет		2006-2007 жылдар		

25	қаражат көлемін белгілеу арқылы жергілікті бюджеттердің ТМҚКК көрсетуге арналған шығыстарын теңестіру	туралы" Қазақстан Республикасының Заңы"	ЭБЖМ (жинақтау), ДСМ	I V тоқсан		
26	Мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік қаржылық қолдау тетігі жөнінде ұсыныстар енгізу	ЭБЖМ-ге ұсыныс	Қаржымині (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2006 жыл I I тоқсан		
27	Мемлекеттік сатып алудың электронды жүйесін енгізу	Нормативтік құқықтық актінің жобасы	Қаржымині	2005 жыл I V тоқсан		
28	Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен сатып алынатын дәрілік заттарды міндетті түрде таңбалауды жүзеге асыру	Бұйрық	ДСМ (жинақтау), жергілікті атқарушы органдар	2006 жыл I V тоқсан		
<b>Қаржылық реттеу тетіктерін жетілдіру</b>						
29	Биржалық сауданы дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИСМ (жинақтау), АШМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2006 жыл I V тоқсан		
30	Санаттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген сауда (қызмет көрсету) ұйымдарының тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату кезінде заңнаманың төлемдерді төлем карточкаларын пайдалана отырып қабылдау міндеттілігі бөлігіндегі талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыру	ЭБЖМ-ге ақпарат	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	Жыл сайын, 5 қаңтар, 5 шілде		
	Сауда (қызмет көрсету) ұйымдарының тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарын тарту		Облыстардың,			

30-1	және халық пен бизнес орта арасында ұйымдастыру-түсіндіру іс-шараларын жүргізу жолымен ірі қалаларда оларды сату кезінде төлем карточкаларын қолдануды кеңінен енгізуді қамтамасыз ету	ЭБЖМ-ге ақпарат	Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, 5 қаңтар, 5 шілде		
<b>Бастапқы және статистикалық есепке алуды жетілдіру</b>						
31	Көлеңкелі экономика мөлшерін бағалау жөніндегі әдіснамалық базаны жетілдіру (барлық макро-экономикалық көрсеткіштердің өзара байланысы мен тәуелділігін ескере отырып, тікелей және жанама есепке алу әдістерін жетілдіру бөлігінде, кешенді тәсілді пайдалану және т.б.)	Бұйрық	СА	2006 жыл IV тоқсан		
32	Статистикалық органдардың әкімшілік көздеріне қол жетімділігін қамтамасыз ету	Нормативтік құқықтық актінің жобасы	СА (жинақтау), Қаржы-мині, мүдделі мемлекеттік органдар	2006 жыл IV тоқсан		
33	Құқық белгілейтін және құқық растайтын құжаттарға сәйкес жерлердің мәртебесін белгілеу мақсатында оларға түгендеу жүргізу және заңсыз пайдаланатын жерлерді алып қою жөнінде ұсыныстар енгізу	ЭБЖМ-ге ақпарат	ЖРА	Жыл сайын, 5 қаңтар, 5 шілде		
34	Рыноктық айналымға тартылған жерді бағалаудың бірыңғай стандарттарын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ИСМ (жинақтау), ЖРА	2005 жыл IV тоқсан		



35	Орман және балық ресурстарын пайдаланды, сондай-ақ мал шаруашылығы саласындағы және ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу саласындағы есепке алуды жетілдіру	Нормативтік құқықтық актінің жобасы	С А (жинақтау), АШМ	2005 жыл IV тоқсан		
36	Экономиканың қолма-қол есеп айырысу басым салаларындағы есепке алуды жетілдіру	ЭБЖМ-ге ақпарат	Қаржы-мині, С А, А Ш М, ККМ және мүдделі мемлекеттік органдар	Жыл сайын, 5 қаңтар, 5 шілде		
37	Ауылдық статистиктер институтын күшейту және оларды техникалық камтамасыз ету	"2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	СА	2006 жыл IV тоқсан		
38	Ауыл шаруашылығы санағын ұйымдастыру және жүргізу	Нормативтік құқықтық актінің жобасы	СА	2006 жыл		
39	Жылжымайтын мүлікпен операцияларды, жалдауды, дербес, әлеуметтік қызметтер мен кәсіпорындар қызметтерін есепке алуды және олардың есеп беруін жетілдіру	Үкіметке ұсыныс	Қаржымині (жинақтау), СА, мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдар	2006 жыл II тоқсан		
<b>Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі жұмысты жетілдіру</b>						
40	Қаржы мониторингін жүргізуге уәкілетті мемлекеттік орган құру	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	БП (келісім бойынша), ЭБЖМ, Қаржы-мині, мүдделі мемлекеттік органдар	2005 жыл I V тоқсан		
		"Заңсыз жолмен алынған				

41	Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету туралы заң жобасын әзірлеу	кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету туралы" Заң жобасы	БП (келісім бойынша), ЭҚСЖҚА (келісім бойынша), Қаржы-мині, ПМ, ҰБ (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша)	2005 жыл ІІІ тоқсан		
42	Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік рәсімдерді жетілдіру	ЭБЖМ-ге ақпарат	ЭҚСЖҚА (жинақтау) (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша), Қаржы-мині, ҚРКҰРҚА (келісім бойынша)	2006 жыл І тоқсан		
43	Орманды заңсыз шабудың және жануарлар әлемін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзудың, сондай-ақ орман материалдары мен жануарлар әлемі өнімдерін Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге контрабандалық жолмен шығарудың жолын кесу	ЭБЖМ-ге ақпарат	АШМ, мүдделі мемлекеттік органдар	Жыл сайын , 5 қаңтар, 5 шілде		
44	Астық, ұн, тері шикізаты мен жүн экспортын бақылауды күшейту және ауыл шаруашылығы өнімдерін заңсыз әкетудің жолын кесу жөнінде бірлескен іс-шаралар жүргізу	ЭБЖМ-ге ақпарат	АШМ (жинақтау), ЭҚСЖҚА (келісім бойынша), Қаржы-мині, мүдделі мемлекеттік органдар	Жыл сайын , 5 қаңтар, 5 шілде		
45	Заңды тұлға мәртебесі бар балық қорғау инспекцияларының, орман қорғау мекемелерінің және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың материалдық-техникалық базасын нығайту	ЭБЖМ-ге ақпарат	АШМ, мүдделі мемлекеттік органдар	Жыл сайын , 5 қаңтар, 5 шілде		

Бағдарламаның нәтижелілігін бағалау жөніндегі жұмыс						
46	Бағдарламаның нәтижелілігіне жыл сайын бағалауды жүргізу (көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөнінде Бағдарламада қабылданған шаралар мен іс-шараларды іске асырудан қадағаланбайтын экономиканың өзгеру деңгейін айқындау)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), АШМ, Қаржымині, СА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша)	Жыл сайын, 25 ақпан		

### Е с к е р т п е :

Әріптік аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

ЭҚСЖҚА - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі

ҚРКҰРҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

МҚА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратура

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"МТЗО" АҚ - "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы

ВАК - Ведомствоаралық комиссия

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар  
м и н и с т р л і г і

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

"ЭЗИ" АҚ - "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы

ҚІЖТҚША" - Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК